ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

AIQYN

СӘРСЕНБІ
№103 (3960)
14.07.2021

www.aikyn.kz e-mail: aikyngazeti@gmail.com www.facebook.com/aikyn.kz @aikyngazeti

ӘКІМДЕР САЙЛАУЫНАН НЕ КҮТУГЕ БОЛАДЫ?

Шілде айында елімізде ауыл әкімдерінің сайлауы басталады. Бұл саяси науқанның бұрынғыдан басты ерекшелігі – халық тікелей дауыс беру арқылы өздері қалаған үміткерін таңдап алады. Алайда ауыл халқы әкім сайлауына дайын ба? Трайбализм, жерлестік өршіп кетпей ме?

Елімізде әкімдердің алғашқы сайлауы сынақ ретінде 1999 жылы ұйымдастырылды. Содан бері ауыл әкімдерінің сайлауы аудан басшысының ұсынуымен мәслихат депутаттарының дауыс беруі арқылы жанама түрде өткізіліп келді. Дегенмен соның өзінде тосынсыйлар болып тұрды: әр жылдары сайлауларда бірқатар өңірде аудан басшылары ұсынған үміткерлер мен бұрынғы іс басындағы әкімдер емес, басқа адамдар сайланып кеткен кездер кездесіп жататын. Ал қазіргі тікелей сайлау барысында мұндай күтпеген жағдайдың көп болатыны тіпті де күмәнсіз. Дегенмен заңда ауыл әкімдерін сайлаумен бірге, оларды орнынан алып тастау механизмі де жазылған, сондықтан «кездейсоқ» сайланып кеткен ондай жайсыз қызметкерлерден құтылудың амалдары да дайын.

ХАЛЫҚТЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ АРТАДЫ

Ауыл әкімдері сайлауының маңызы сол – қазірге дейін тәуелсіз Қазақстанда тек Президент сайлауы тікелей дауыс беру жүйесі арқылы жүргізіліп келді. Атқарушы биліктің басқа тармақтарының бәрінің басшылары не жоғарыдан тағайындалады, не солардың келісімі арқылы бекітіледі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен жүргізілген саяси реформаның негізінде енді аудандық маңыздағы қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін сайлау тікелей дауыс беру арқылы өткізілетін болды.

(Жалғасы 6-бетте)

Бисен ЖАҚЫПОВ:

Қазіргі сарбаздар – смартфонмен өскен балалар

Қоғамда әскердегі әлімжеттік әлде де сақталғаны жайлы пікірлер жиі айтылады. Оған кейде армия қатарында жүргенде өзөзіне қол салатындардың кездесіп қалатыны отқа май құйғандай әсер ететіні бар. Ал офицерлер әлімжеттік азайғанын алға тартады. Алайда әскерде суицид мен әлімжеттік көріністері қандай деңгейде? Әскердегі тәртіп қалай бақыланады?

5 ▸▸

Қуаңшылық шаруаға тұсау болды

Еліміздің батысы мен оңтүстік облыстарындағы ауыл шаруашылығын тұралатқан қуаңшылық Ақмоланы да айналып өтпеді. Жауын-шашынның аздығы мен ауыл шаруашылығы дәнді-дақылдары мен шабындықтардың қазіргі жағдайы алаңдатарлық. Әсіресе, соңғы апталарда болған қатты ыстық пен өрт оқиғаларының жиілеуі мал жайылымы мен шабындық жерлерді тақырлап кеткен. Мұнымен қоса жер емген диқандардың да еткен еңбектерін еш кетіруі бек мүмкін.

6 ▸▸

Жас отбасыларды баспаналы еткен жобалар

Ел егемендігінің 30 жылдық бедерінде жастарға аз көңіл бөлінген жоқ. Әсіресе, жас отбасыларды баспанамен қамту бағытында баянды бағдарламалар жанданып, жүйелі жобаларға жан бітті. Әрине, тәуелсіздіктің алғашқы 10 жылдығында тұрғын үй құрылысы баяу жүргізілгенімен, кейінгі 20 жылдықта ерекше қарқын алды. Жас отбасыларды баспана бақытына кенелткен бағдарламалардың алғашқысы – «Жас отбасыларға арналған тұрғын үй» жобасы.

4 ▸▸

ӨРІСІҢДІ ӨРТ ШАЛСА...

Жұттың бірі – өрт. Биыл Қазақстанда аптап ыстықтан қуаңшылықпен қатар, дала өрті де ерекше күшейіп кетті. Бірнеше өңірде шаруалар жайылым, шабындық жерлерінен айырыла бастады. Әсіресе, ел Үкіметінің иек астындағы Арқа төсінде орналасқан Қарағанды, Қостанай облыстары тілсіз жаудың зардабын қатты тартып жатыр. Соның өзіақ жемшөп пен ет бағасын шарықтата түсері сөзсіз.

ТОРҒАЙ ДАЛАСЫНДА ТҰТАНЫП...

Маусымның соңына қарай Қостанай облысының Аманкелді ауданы аумағында найзағай салдарынан 600 гектардан астам жерді жалын шарпыды. Одан кейін бір емес, 8 жерден жай түсіп, көрші Жангелді ауданындағы «Алтын Дала» резерватының аумағынан қою түтін бұрқ ете қалды. Он шақты күнге ұласқан алапат өртке ауыл тұрғындары мен жергілікті бірді-екілі өрт сөндірушілер ескі техника, жалаң қолмен ие бола алмай қалды. Онсыз да биыл қырда шөп шығымсыз болып, мал жайылатын жер тарылып бара жатыр еді, төбеден жай түскен мына жайт қыстың қамын күйттей алмай жатқан жұртты одан сайын есеңгіретіп тастады. Биліктен көмек күтіп шаршаған Екідің, Жаңақала, Көлқамыс ауылдарының тұрғындары қызыл жалынға тракторға тіркелген бөшкемен су құйып, аяқтарының астын киіз байланған құрықпен сабалап әлектенді.

«Арқалықтан бір автобус адам келді көмекке. Бірақ қолдарында құралдары жоқ, жалаң қолмен не істей алады? Күннің ыстығы мен самал жел жағдайды ушықтырып барады» деп ашынды сонда Жаңақала ауылының тұрғыны. Оның айтуынша, қала әкімдігі жіберген ескі өрт сөндіру көлігі жолда өзеннен су алып жатқанда батпаққа батып, бұзылып тынған. Ал, Арқалық қаласы төтенше жағдай бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты Данияр Рүстемов ауылға өрт сөндіру қызметі шыққанмен, шалғайда байланыстың жоқтығынан олардан хабар ала алмағанын жасырмады. Сол кезде Жангелді ауданының Аралбай ауылы аумағында өрт әп-сәтте 40 гектар аумаққа жайылып, Амангелді ауданының Қабырға ауылдық округінде де тілсіз жау халыққа түн ауғанша бой бермей жатқан-ды.

Оқиғадан сырттай хабар алып отырған Арқалық қаласының бұрынғы әкімі Жомарт Түбекбаев: «Маңғыстау, Қызылордада шөп, су жоқтықтан мал қырылуда. Бір айдан бері Торғай жақта дала өрті күшейіп, жайылым мен шабындықтар жанып, техника жоқтықтан халық жалаңаш қолмен сөндіре алмай, қиналып жатыр. Мұндай апатты жағдайда Үкімет басшысы апат орнына барып, жедел шешім, шұғыл шара қабылдау керек қой. Апат орнына Үкімет басшысы түгіл, облыс әкімі де бармаған. Не ойлары бар екен?» деп астанадан үн қатты. Ал оған Арқалық қаласының әкімдігі әлеуметтік желі арқылы өз уәжін айтып ақталды. Айтуынша, қалалық өрт сөндіру бөлімінен әр ауылға бір-екі техника мен ондаған маман жіберілген. «Екідің, Жаңақала ауылдары аймағындағы дала өрті кезінде Арқалық қаласы әкімінің орынбасары Ерлан Раисов, қалалық ТЖ бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау капитаны Асылхан Нұрғалиев өрттің басында болып, ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. Өрттің сөндірілу барысы қала әкімі Әмірхан Асановтың жіті қадағалауында болды», – дейді одан әрі. Алайда Қостанай облысынан қосымша күш жұмылдырылмауы салдарынан, шала бықсып барып, қайта тұтанған ол өрт Екідің ауылының Жайлаукөл, Жыланды, Қыналы, Сатый, Сарбас, тағы басқа жайлаулары мен қыстақтарының жайылым, шабындық жерлерін түгел отқа ораған қалпы, ақыры Қарағанды облысының көршілес Ұлытау ауданына өрлеп кете барды. Оны Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетовке қарағанда пысықтық танытып, Ұлытау ауданына тікұшақпен бара қойған Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек өз аузымен айтты, «Ұлытаудың Шеңбер, Қорғасын ауылдары арқылы Қостанай облысынан келген өрт» деп. Ал Арқалық қаласының әкімдігі жалынмен арпалысып жүрген жергілікті тұрғындардың көзін бақырайтып қойып, «өртті ауыздықтадық» деуден танатын емес.

(Жалғасы 3-бетте)

Директордың «тағдырын» кім шешеді?

«Бармақ басты, көз қыстыға» баратын мектеп директорларының жолын кесу үшін жаңа ереже әзірленіп жатыр. Ендігі жерде педагогтерді директордың өзі емес, іріктеу комиссиясы қабылдайды. Жалақылары өскен сайын ауыл мұғалімдерінің «орны» қымбаттай бастады деген пікірлер де бар. Сондықтан жаңа ереже мектептегі жемқорлыққа тұсау сала ала ма?

Жасыратыны жоқ, соңғы жылдары білім бесігіне теңейтін мектеп төңірегінде түрлі қаңқу сөздер жиі сөз болады. Білікті кадрларды іріктеп алуы тиіс мектеп директорларының креслосы да мыңдаған долларға бағаланатыны туралы алып-қашпа әңгімелер бар.

Жақында ғана «Дана» мектебінің бас директоры Рената Төлегенова әлеуметтік желідегі парақшасында директорлық 15 мыңнан 25 мың долларға дейін бағаланатынын, ал қарапайым мұғалім болу үшін 700 мыңнан 1,5 млн теңгеге дейін қаражат қажет болатынын айтып жазба қалдырған. Айтуынша, бастауыш сынып мұғалімі лауазымына жұмысқа орналасу үшін 200-300 мың теңге сұрайды.

6 ▸▸

Шаруалардың маңдайы тасқа тиді

Шаруалар жерлерінен айырылып жатыр. Олардың пайларын ірі компаниялар несие алу үшін кепілдікке қоюға құқылы. Ал қарызынан құтыла алмаған кәсіпкерлердің кепілдігін банк не басқа қаржы компаниясы оңай-ақ сатып жібере алады. Жерінен айырылғанын естіп сотқа жүгінген ауылдықтардың маңдайы тасқа тиюде. Өйткені сот олардың талап-арызын қанағаттандырмайды. Оған жалпы жиналыста қабылданған шешім себеп. Мұндай жиналысқа барлық пай иелерінің атынан бір-ақ адам қатысып, келісім бере алады. Қағазға қол қойылғаннан кейін «қазаншының өз еркі, қайдан құлақ шығарса».

7 ▸▸

e-mail: aikyngazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

Жамбылда көпбалалы әкелер заңсыз жәрдемақы алып келген

Мұндай қулықты Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің өңір бойынша департаменті әшкере қылды.

Департамент мамандарының айтуынша, көпбалалы әкелер мемлекетке 14 миллион теңге залал келтіріп отыр екен.

Жалпы, тарқатып айтсақ, ҚР Азаматтық кодексінің 16-бабына сәйкес, он төрт жасқа толмаған балалардың заңды өкілдерінің тұратын жері олардың тұрғылықты жері болып танылады. Ерлі-зайыптылар арасында неке бұзылған жағдайда ата-ананың біреуімен балалардың бірге тұруы сот шешімімен расталады. Алайда бірнеше әке өтінішінде балалары сонымен бірге тұрады деп көрсеткенімен, сот шешімімен олардың шешесімен тұратыны белгілі болған.

Сол себепті «Азаматтарға арналған үкімет» порталынан көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақының ата-аналар арасынан тек әкесі тарапынан өтініш білдіргендер туралы ақпарат сұратылып, ол тізімдер бойынша қалалық сот шешімдерімен сәйкестендірілген.

Нәтижесінде, 27 көпбалалы әке (бас тартуға шешім шығарылған) 14 337 143 теңгені заңсыз алғаны анықталған. Қазір артық төленген сомадан 150 000 мың теңге республикалық бюджетке қайтарылса, қалғандарымен тиісті жұмыстар жүргізіліп жатыр.

С.САТЫЛҒАН

Ресей Қазақстанға 136 миллиард теңге өтемақы төледі

Қазақстанға тиесілі ядролық оқтұмсықтан тәркіленген уран бөлігі үшін Ресей 130 миллиард теңгеден астам (шамамен 305 миллион доллар) өтемақы төледі. Бұл туралы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Кәрім Мәсімов мәлімдеді.

«Қазақстандағы құзырлы органдардың алдында ядролық қарусыздандыру бағдарламасы аясында оқтұмсықтардан ресейлік тарап тәркілеген қазақстандық уран үлесі үшін ақшалай өтемақы алу туралы өзекті мәселе тұрды. Нәтижесі – бюджетке 136,1 миллиард теңге көлемінде қаражат түсті», – деді Мәсімов.

Оның айтуынша, ортаазиялық республикалардың біріндегі арнайы қызмет барысында Қазақстан ҰҚК ядролық материалдардың заңсыз айналымымен айналысқан трансұлттық қылмыстық топтың жолын кесті. Ол қылмыстық топтың құрамында Орталық Азия елдерінің азаматтары болған.

Үш адамнан сібір жарасы анықталды

Қостанай облысы Денисов ауданы Приречный ауылындағы шаруа қожалығында жиырма шақты ірі қара қырылды. Мамандар сараптама жасап, малдың сібір жарасынан өлгенін анықтады. Жекенің малынан басқа елді мекендерде ауру байқалған жоқ.

Бірақ осы ауылдың үш тұрғыны сібір жарасына шалдыққан.

Облыстық Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің бөлім басшысы Людмила Налобина: «Бұл адамдар Приречный ауылындағы ЖШС-да жұмыс істеген. Олар малды баққанда немесе сойғанда ауру жұқтыруы мүмкін», – дейді.

Ветеринария басқармасы басшысының орынбасары Бауыржан Бекет: «Болжам бойынша, жыртқыш аң-құс, кеміргіштер сібір жарасын басқа жақтан әкелуі әбден мүмкін», – деп отыр.

Әскери қызметшілердің 90%-ы вакцина алды

Қарулы күштерде коронавирусқа қарсы вакцина алғандардың саны 100%-ға жуықтады. Бұл туралы Қорғаныс министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.



Аппараттық кеңесте бас әскери-медициналық басқарма бастығы жеке құрамның шамамен 90%-ы, ал әскери қызметшілер мен азаматтық қызметкерлердің 98%-дан астамы вакцина алғанын баяндады.

«Қарулы Күштер бас дәрігерінің ақпараты бойынша, COVID-19 жұқтыру ішінара сипатта өтіп жатыр, аурудың ауыр түрде өту жағдайлары болған жоқ. Таяу уақытта қалған жеке құрамда медициналық қарсы көрсетілімдер мерзімі өткеннен кейін вакцина алғандар саны 100%-ға дейін жеткізіледі», – делінген министрлік хабарламасында.

Еске сала кетейік, қазақстандықтарды жаппай вакциналау сәуір айында басталған еді.

Вакцина салдырудан бас тартса, жұмыстан шығарыла ма?

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Серік Шәпкеновтің айтуынша, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекстің 77-бабына сәйкес, кез келген медициналық рәсім, оның ішінде вакцина да екпе алушының келісімі арқылы ғана жүргізіледі. Вакцинадан бас тартқаны үшін әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік заңнамада көзделмеген.

Алайда Денсаулық туралы кодекстің 104-бабы 1-тармағына сәйкес, Қазақстан аумағында жаппай ауру таралу қаупі төнген жағдайда елдің бас санитар дәрігері шектеу енгізеді. Оның ішінде, кәсіпкерлік және өзге де қызметке карантин енгізеді.

Такси жүргізушілерінен ақша алған

Атырауда деструктив діни ағым өкілдерінің ұйымдасқан қылмыстық тобы ұсталды. Бұл туралы Ұлттық қауіпсіздік комитеті хабарлады.

Топ мүшелері ұзақ уақыт бойы Атырау – Орал–Атырау бағытында жүретін такси жүргізушілерін күш қолданамыз деп қорқытып, ақша бопсалаған. Ұйымдасқан қылмыстық топтың белсенді төрт мүшесі ұсталды.

Олардың тұрғылықты жерінен 3 түрлі қару мен оқ-дәрі, сондай-ақ олардың қылмыстық әрекетін растайтын құжат материалдары (чектер, журналдар, банк карточкалары) тәркіленді.

«Осы факт бойынша ҚР ҚК 194-бабының 2-бөлігі (бопсалау) бойынша сотқа дейінгі тергеу басталды. Топ жетекшісі тергеу изоляторына қамалды, қалғандары ешқайда кетпеу туралы міндеттеме алды. Тергеу шаралары жалғасып жатыр», – делінген ҰҚК хабарламасында.

Қаржы пирамидасын құрғандар құрықталды

ҚК-тің 217-бабы 3-бөлімі 2-тармағына сәйкес соталды тергеу тізілімінде тіркелген қаржы пирамидасын құру және басқару бойынша ASTEX.KZ ЖШС, ACD technology ЖШС, MUDARABAH CAPITAL ЖШС және MUSHARAKAH CAPITAL ЖШС қызметкерлеріне қатысты қылмыстық іс басталған. Осыған байланысты тергеу шеңберінде Алматы қаласының полициясы ACD Tehnology негізін қалаушы, 1971 жылы туған М. есімді азамат ұсталғанын хабарлады.

Бұған дейін басты ұйымдастырушы К. есімді азамат ұсталып, қамауға алынғаны айтылған еді. Кейінірек тағы екі күдікті – Р. есімді әйел мен М. есімді ер адам уақытша ұстау изоляторына қамалды. Қылмыстық істі тергеуді Алматы қаласы ПД Тергеу басқармасының тергеушілері жүргізіп жатыр. Жоғарыда аталған ЖШС жұмысшыларының қылмыстық әрекеттерінен зардап шеккендер болса, хабарласуларына болады, – деді Алматы қалалық Полиция департаменті бастығының орынбасары Рүстем Әбдрахманов.

Картоп пен сәбіз арзандай ма?

Сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтанов картоп пен сәбіз бағасына қатысты пікір білдірді.

«Сәбіз бағасына қатысты айтарым, көрші Өзбекстанда да осындай проблема болды. Шындығында, бізде импорттың әсерінен сәбіз бағасы қымбаттады. Өйткені көрші Өзбекстан мен Ресейде де сұраныс артты. Қазіргі уақытта картоптың бағасы арзандап жатыр. Күзде баға тағы да төмендейді», – деді Сұлтанов.

Сәбіз тапшылығы барлық өңірде болды. Себебі биыл егіс көлемі азайған.

Дайындаған М.БАҚЫТЖАН

Кинологиялық қызмет орталығын аралады

Мәжіліс депутаттары, «Nur Otan» партиясы депутаттық фракциясының мүшелері Айгүл Нұркина, Анатолий Бойчин, Вера Ким Павлодардағы Камзин көшесінде орналасқан полицияның модульді тірек пунктінің және Павлодар облысы Полиция департаментінің кинологиялық қызмет орталығының құрылыс барысымен танысты.

Полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары Жасқайрат Қайыровтың айтуынша, Ішкі істер министрі жергілікті полиция қызметінің реформасын «қолжетімді полиция» қағидаты бойынша жариялауына байланысты, облыс Полиция департаментінің бастығы қаланың криминогендік жағдайын, азаматтар үшін ыңғайлы орынды ескере отырып, модульді тірек пункттерін салу туралы шешім қабылдады. Биыл қалада осындай 5 полиция пунктінің құрылысы жоспарланып отыр. «Nur Otan» партиясының «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» сайлауалды бағдарламасын іске асыру мақсатында жергілікті полиция қызметін дамытуға қатысты іс-шаралар қарастырылған. Оның ішінде 2022 жылы тағы 5 модульді учаскелік полиция пунктінің құрылысы жоспарда тұр.

Полицияның жаңа модульді пункті барлық ғимараттардан бөлек, өзінің әкімшілік учаскесі ауласының ішінде орналасқан. Пост алыстан көрінеді және қала тұрғындарына қолжетімді. Ал тірек пунктінде аға учаскелік инспектор мен 4 учаскелік инспектордан басқа, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспектор мен аймақтық жедел уәкіл қызмет атқаратын болады.

Модульді УПП-ға барлық коммуникациялар қосылған. Мұнда азаматтарды қабылдау бөлмесі, тамақтану бөлмесі, уақытша ұстау камерасы және дәретхана бар. Пункт барлық қажетті компьютерлік техникамен және периметрі бойынша бейнекамералармен жабдықталған. Оған әкімшілік учаскеде орналасқан үйлерден барлық бейнекамера қосылады.

Павлодар облысы Полиция департаментінің кинологиялық қызмет орталығында 29 қызметтік-іздестіру иттері бар. Неміс және бельгиялық овчаркалар, лабрадорлар мен спаниельдер иіс сезгіштікке жаттығады, олармен қозғалмалы көліктерде және жүзу құралдарында жұмыс істейді. Қызметтік иттерді автокөліктерді, жолаушыларды және келетін жүктерді пойыздарда, әуекемелерінде қарау үшін тартады. Олар жүк бөлімшелерін, сақтау камераларын және «Қазпоштаның» сұрыптау пункттерін тексереді.

Мәжілісмендер орталықтың жабдықталуымен танысып, қызметтік иттердің ерекше қабілеттеріне зер салды, сондай-ақ кинологтермен оқыту курстары, есірткі және жарылғыш заттарды іздеу бойынша практикалық сабақтардың қалай өтіп жатқанын көрді.

Жартыжылдықтың есебі тыңдалды

«Nur Otan» партиясы Шымкент қалалық филиалының мәжіліс залында партия фракциясының отырысы өтті. Шымкент қаласы мәслихатының «Nur Otan» фракциясы мәжілісінде аталған фракцияның 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында атқарған жұмысының есебі тыңдалды. Жиынға «Nur Otan» партиясы Шымкент қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Жанар Бектаева төрағалық етті.

Отырысқа Мәжіліс депутаттары Мұхтар Ерман, Берік Бекжанов, Ғани Ташқараев және фракция мүшелері қатысты. Фракцияның осы жылдың алты айында атқарған жұмысының есебі туралы фракция жетекшісі Бекайдар Төлегенов баяндама жасады.

Депутаттық фракция мәжілісінің басты мақсатының бірі – жергілікті бюджет қаражатының мақсатты, тиімді жұмсалуын бақылау. Осы мақсатта биыл халықтың талап-тілектері мен ұсыныстары ескеріле отырып, партияның 5 жылдық қалалық сайлауалды бағдарламасы дайындалды.

«Nur Otan» партиясының Лидері – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасына сәйкес, партияның «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» атты 2021-2025 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасын іске асыру үшін Жол картасы әзірленді. Жол картасында 10 басымдық бойынша 149 іс-шараны жүзеге асыру мақсат етілген. Фракцияның барлық мүшелері Жол картасындағы индикаторлардың орындалуына жауапты.

Бұдан бөлек, партияның сайлауалды бағдарламасында басым бағыттардың орындалуын бақылау мақсатында қалалық филиал жанынан 11 қоғамдық кеңес құрылды. Қоғамдық кеңес тарапынан тиісті мекемеге 134 ұсыныс жолданды. Бүгінге дейін қалалық мәслихаттағы фракцияның 7 отырысы өтіп, күн тәртібінде 49 мәселе қаралды.

Сонымен қатар мәслихаттағы фракция мүшелері тарапынан жыл басынан бері тиісті мекемелерге 141 депутаттық сауал жолданды. Жол картасындағы іс-шаралардың іске асырылуын бақылау мақсатында фракция мүшелері тұрғындармен 200-ге жуық кездесу өткізді және фракция мүшелерімен 47 қабылдау ұйымдастырды. Қабылдауда 288 азаматтың талап-тілегі тыңдалды. Оның ішінде 90 азаматтың мәселесі оң шешімін тапса, қалған 198 азаматқа заң аясында түсінік берілді. Сонымен қатар партиялық жобалар мен қайырымдылық акцияларын іске асыруда барлық фракция мүшелері тарапынан 90 млн теңге көлемінде демеушілік көмек көрсетілді.

Халық қалаулылары сырдариялықтармен кездесті

Мәжіліс депутаттары, «Nur Otan» партиясы депутаттық фракциясының мүшелері Б.Смағұл мен Ғ.Әмреев Қызылорда облысына қарасты Сырдария ауданында болып, аудан әкімдігінде облыстық және аудандық мәслихат депутаттарымен, жергілікті кәсіпкерлермен кездесті.

Кездесулерде депутаттарға бірқатар ұсыныс айтылды. Атап айтсақ, аудандық мәслихат депутаттары және кәсіпкерлері халық көп тұтынатын заттардың бағасы соңғы екі айда күрт қымбаттағанын, несие ұйымдарының талаптарын, ауданның Айдарлы, Аманкелді, Жетікөл ауылдарында дәрігер жоқ екенін, кәсіпкерлікті дамыту мәселелері мен жемшөпке берілетін субсидия мерзімі жайлы ұсыныстарын жеткізді. Айтылған пікірлер мен сұрақтарға депутаттар толыққанды жауап беріп, кейбір мәселелерді Мәжіліс қабырғасында көтеретінін жеткізді.

Кездесуден кейін Мәжіліс депутаттары әлеуметтік және кәсіпкерлік нысандарды аралады. Ең алдымен «Углесбыт» ЖШС-нің күріш ақтау зауытының жұмысымен танысты. Сондай-ақ бұрынғы тойхана ғимараты заман талабына сай«Бақнұр» бөбек балабақшасы ретінде бағытталып, толық жабдықталған нысанға барды. Халық қалаулылары сапар барысында Тереңөзек кентінен салынып жатқан 10 отбасына арналған 10 тұрғын үй құрылысымен танысып, құрылысшылармен пікірлесті. Сонымен бірге депутаттар «Аңсар» дәріханасын аралап, дәрілердің бағасын бағамдады.

Мал азығы басты назарда

«Nur Otan» партиясы Солтүстік Қазақстан облыстық филиалы жанындағы аграрлық секторды дамыту жөніндегі қоғамдық кеңестің кезекті отырысында биылғы қыста малды жемшөппен қамтамасыз ету мәселесі талқыланды. Облыстық Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысының міндетін атқарушы Қайрат Сансызбаевтың айтуынша, биыл өңірдегі барлық дерлік аудандар көпжылғы шөпті 100 пайыз еккен.

«Биыл төрт түлікті жемшөппен қамтамасыз ету үшін облыстың агроқұрылымдары 106,9 мың гектар жерге – біржылдық, 11,5 мың гектар алқапқа – көпжылғы шөп және 14,5 мың гектар егістікке сүрлемдік жүгері отырғызды. Алдағы қыстан қысылмай шығу үшін 750 мың тонна шөп, 194 мың тонна сүрлем, 193,7 мың тонна пішендеме және 1 миллион 319 мың тонна сабан әзірлеу керек», – деді Қайрат Сансызбаев.

Шөп тапшылығына жол бермеу және өнімділікті төмендетпеу үшін қоғамдық кеңес мүшелері мал азығымен қамту жөнінде әр елді мекенге арналған жоспар жасауды ұсынды. Сонымен қатар мал азығына қолжетімділікті қамтамасыз ету және құнын арзандату мақсатында ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілермен шабындық жерлер бөлу туралы меморандум жасау ұсынылды.

«Сондай-ақ шөп шабу және жемазық дайындауға жұмыссыз адамдарды, арнайы техникасы мен тіркеме құралдары бар мамандандырылған бригадаларды тарту қажет» деп шешті кеңес мүшелері.

Роза ШӘКЕН

Дайындаған Әбілмансұр ЖАСАН

Өрісінді өрт шалса...

(Басы 1-бетте)

Еркеғали БЕЙСЕН

ҰЛЫТАУҒА ҰЛАСТЫ

Шіліңгір шілде Қарағанды өніріне де оңай соқпай тұр. Жалпы, өнірде қауіпті кезең басталғалы 130 дала өрті болыпты. Оның ішінде айналдырған бір аптада Ұлытау, Қарқаралы, Ақтоғай, Шет, Жаңаарқа аудандарында 24 өрт тіркелген. Әсіресе, жер көлемі жағынан облыс бойынша бірінші орындағы Ұлытау ауданында жағдай ушығып, жалын 40 мың гектарға жуық жерді шарпыды. Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбектің өзі ондағы жағдаймен танысып, тұрғындарға жалпы аудан бойынша 17 өрт ошағы бақылауға алынғанын жеткізді. «Қауіпті учаскелерді жою үшін қажетті күштер мен құралдар жеткілікті. Жезқазған және Сәтбаев қалаларынан әкімдіктер 20 тонна көлемінде жанар-жағармай мен азық-түлік жеткізуді ұйымдастырды», – деді ол. Сол сәтте өнір басшысының арнайы келгені шығынға белшеден батып, таяқ ұстап қалған шаруаларға дем беріп, ертеңгі күнге деген сенімін оятты. Сондай-ақ тек Жангелді, Пионер ауылдары маңында 28 мың гектар жер қызыл жалын құрсауында қалғандықтан, 3 елді мекенде төтенше жағдай режимі сақталып, Пионер ауылындағы жедел штабқа әскерилер тартылды. Іргеге бір аптада шатырлар тігіліп, 200-ге жуық құтқарушы келген. Бірі келсе, бірі кетіп жатқан өрт сөндіргіш техниканың да 20-дан астамы сонда шоғырланды. Себебі қатты жел тұрып, малдың қиы мен тезек қайта тұтанып, жаңбырдың да жаумай қоюы жұмысты едәуір қиындатып жіберген еді.

Жалпы, Қызылорда облысымен іргелес жатқан Ұлытаудың жазы ыстық болғандықтан, өрт те жиі қайталанып тұрады. Бірақ тілсіз жау халықты осынша әбігерге алғаш рет салған екен. Көнекөздер «соңғы 30 жыл бойы өрттің жанжақтан бір мезетте лап қоюы болмаған» деп отыр. Шынында да, апта бойы күндіз-түні жұмыс істеген 175 түрлі техника мен 1 000-ға жуық құтқарушы және еріктілерге бой бермеген өрт Керегетас, Ойшыбар, Қалыбай, Демеубай, Сарысай, Қызылсай, Ермек, Борсеңгір, Пионер, Байқоңыр, Шеңбер, Жангелді, Ақтас, Амангелді ауылдарының жайылымы мен шабындықтарын тып-типыл етті. Тіпті, биіктігі 2-3 метрге дейін жеткен өрттен Ұлытау ауданы Қоскөл елді мекенінің 23 жастағы тұрғыны Бейбарыс Ескендір қаза тапты. Сондай-ақ Жангелді ауылына қарасты Демеубай қыстағында «Әбдібеков» шаруа қожалығының 200 қойы мен 10 торпағы, ал Байқоңыр ауылында 300-ге таяу қой өртеніп кетті. Адамдары болса, жан сауғалап, әрең аман қалған.

Ауданның жалпы шығынын есептегенде, 9 қожалықтың жайылымнан айырылғаны анықталды. Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Серік Шайдаров жергілікті шаруалармен кездесіп, оларды қолдауға уәде берді. Енді шаруалар мемлекет меншігіндегі жерді бір жылға тегін алуы мүмкін. Ал малынан айырылғандарға нарықтағы бағаға сай өтемақы төленеді. Дегенмен Пионер ауылының тұрғыны Тайып Балғазинов: «Жердің бәрі түгел кетті. Шабындық та кетті. Енді малды сатамыз» деп отыр.

«Шабындық» демекші, 3-7 шілде аралығында Қарағанды облысының Ұлытау ауданында ғана емес, Бұқар жырау, Нұра, Шет, Осакаров, Қарқаралы аудандарында және Қаражал қаласында да жалпы ауданы 33 995 гектар дала өрті болыпты. Одан бөлек, 8 шілде күні Жаңаарқа ауданы Ақтау ауылдық округінің жайылымын және Қаражал қаласымен арадағы 30 шақырымға жуық шабындығын жалын жалмап кеткен.

ШӨП БОЛМАСА, ЕТ ТЕ ЖОҚ

Қазір Қарағанды облысында малшыларға қыс мезгіліне 2,2 миллион тонна шөп дайындау қажеті ескертілді. «Аудан әкімдіктерінің деректері бойынша, қазір 312,6 мың тонна шөп дайындалды. Жұмыс жоспарына сәйкес жемшөп дайындауды 1 қазанға дейін аяқтау қажет. Техника жеткілікті», – дейді облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Асқар Санаубаров. Оның айтуынша, шөп бағасының көтерілуіне жол бермеу туралы меморандумға қол қою жоспарланған және шөпті өңірден тыс жерлерге сатуға тыйым салынуы мүмкін. Бірақ олар жартысы қу тақырға айналған Арқаның қай жерінен 2,2 миллион тонна шөп дайындамақ?

Осы орайда 15 жылдан бері біздің еліміздің табиғатын зерттеумен айналысып жүрген Геттинген университетінің қоршаған ортаны қорғаушы ғалымы Йоханнес Кампттың дерегіне сүйеніп көрейік. Ол назар аударған жер орбитасынан түсірілген суреттегі 2 мыңнан астам ауыл мен қаланың, 1 300 мал фермасының басым көпшілігі 1991 жылдан кейін құрдымға кетіпті. Сондай-ақ ғалымдар командасы Қазақстандағы Германияның аумағымен бірдей аумақтан 1990 жылғы фотосуреттермен салыстырғанда, өртенген жерлердің әлдеқайда артқанын тапты. «Қазақстан ғаламдық өрт ошағына айналды. Біз өртенген жайылымдар аумағының кем дегенде 10 есе өскенін көріп отырмыз», – дейді Камп.

Ал Елбасы мен Мемлекет басшысының Үкімет алдына қойған мақсатына сай, ет экспортын жүзеге асыру үшін еліміздегі жайылымдарды барынша игеру арқылы мал басын өсіріп, экологиялық таза өнім өндіруге ұмтылу – маңызды бағыт. «Осы орайда қолданыстағы жайылымды жақсартып, шалғай жайылымды мүмкіндігінше игеру ет өнімінің артуына үлкен септігін тигізері сөзсіз. Мысалы, етті бағыттағы ірі қара саласы дамыған Канада, Бразилия, Аргентина мемлекеттерінде ет өнімінің басым бөлігін жайылымда семірген малдың еті құрайды» деп жазыпты сала профессоры Айбын Төреханов. Ал «Атамекен» ҰКП АӨК және Тамақ өнеркәсібі департаментінің сарапшысы Қуандық Чункунов зардап шеккен шаруаларға уақытында көмек көрсетілмесе, елімізде ет алдағы жылы 40-70 пайызға көтерілуі ықтимал деген пікірде. «Біріншіден, қуаңшылық пен өрттен зардап шеккен өңірлерге малдың қысқы азығын дайындау кезінде жемшөпті субсидиялауға тікелей қаржы бөлу керек. Екіншіден, «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» АҚ-ына жемшөп қорын қалыптастыру үшін қаржыландыру тетігін қарастыру қажет. Бұл жемшөпті өңірлерге белгіленген бағамен жеткізуге мүмкіндік береді. Үшіншіден, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді жемшөп дайындаған кезде арзан жанар-жағармаймен қамтамасыз ету қажет», – дейді ол.

Үкіметтің бағаны реттеу механизмдерін іске қосуы керегін Қазақстан ет одағының төрағасы Асылжан Мамытбеков те алға тартып отыр. «Келесі жылдың малға мамыражай болатынына ешбір кепілдік жоқ. Фермерлер алаңдап, шығындарды есептеп, мал басын қысқарта бастайды. Малды сойып немесе тірідей арзан бағамен сатады. Мал және ет бағасы құлдырайды. Бірақ қысқа ғана уақытқа мәжбүрлі түрде төмендеген баға мал басының жаппай қысқаруы салдарынан кейін мал шаруашылығында өндірілетін өнімдердің (ет, сүт, май және тағы басқа өнімдер) құны күрт өсуіне әкеліп соғады» деп жазды ол Facebook парақшасында.

Шынымен, жағдай бұлай жалғаса берсе, ет тіске емес, тек түске кіруге тақау.

e-mail: aikyngazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

2004 жыл: ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ – БІР МҮШЕЛ

Осы жылы қазақ үшін қашанда қастерлі белес – ел тәуелсіздігінің бір мүшелі аталып өтті. Бұл уақытта ұлттық экономика біршама алға жылжып, өмірдің қай саласында да атап өтерлік жетістіктердің шеті көрініп қалды. Егемендік алғандағы алғашқы жылдардағыдай емес, жұмыссыздар қатары кеміп, әлеуметтік сала оңала бастаған. Қазақстан әлеуметтік экономикалық көрсеткіштер бойынша ТМД аумағындағы көршілерден оқ бойы озып кетті. Дүниежүзілік банктің сараптамасына сүйенсек, ел дамуы орта деңгейден жоғары табысы бар мемлекеттердің қатарына жетті.

Дәулет АСАУ

ТӨРТ ҚҰБЫЛАМЫЗ ТЕҢ

2004 жыл Қазақстандағы Ресей жылы деп аталып өтіпті. Айтып-айтпай не керек, соның дақпыртымен екі ел арасындағы байланыс бұрынғыдан да жақындай түсті. Жыл бойына түрлі деңгейдегі іріліқсақты саяси-экономика бағытында жиындар өткізіліп, терістіктің әнші-бишілері қазақ жеріне толас таппай ағылды, көптеген мәдени шара ұйымдастырылды.

Дегенмен Қазақстан тек Ресеймен ғана емес, АҚШ және Батыс әлемімен де, түбі бір түркілік мемлекеттермен де ынтымақтастықты ұлғайтты. Көктемнің соңғы күндерінің бірінде Астанадан АҚШ елшілігі ғимаратының алғашқы іргетасы қаланды. Оған американдық төтенше және өкілетті елші Ларри Нэппер қатысты. Жаңа елшілік орын тепкен аумақ 10 мың шаршы метр болып, құрылыс жұмысына 90 млн АҚШ доллары жұмсалды...

Шілденің шіліңгірінде елордада түркі мәдениеті мен өнерінің бірыңғай халықаралық ұйымы – ТҮРКСОЙ-дың XXI мәжілісі өтті. Оған 10-нан аса түркітілдес мемлекет өкілдері келді.

ПРЕЗИДЕНТ РЕЗИДЕНЦИЯСЫ БОЙ КӨТЕРДІ

Сәулет өнері жауһарларының бірі саналатын «Ақорда» Президент резиденциясы Арқа төсінде осы жылы бой көтерді. Ол биіктігі 6 метр жасанды жотаның үстіне оқшау салынды. Сырт пошымы классикалық кубик формасына келетін Президент Әкімшілігі орталығының жалпы ауданы – 36 720 шаршы метр. Ғимарат ең соңғы заманауи әдістерге және озық инженерлік құрылғыларға негізделіп, монолиттік бетоннан тұрғызылды. Оның көкке шаншылған үшкір төбесіне дейінгі биіктігі – 86 метр. Ғимарат жер үстіндегі бөлігі бес қабатты және жер астындағы бөлігі екі қабатты үйден тұрады.

ҚАЗАҚ ШОЙЫНЖОЛЫНА ҒАСЫР ТОЛДЫ

Осы жылы қазақ теміржолы бір ғасырлық мерейтойын атап өтті. Осынау айтулы датаның құрметіне орай төрт мыңнан астам теміржолшыға мерекелік медаль тапсырылды. Теміржолшылар мерекені тек салтанатты жиынмен емес, толайым табыстармен де ерекшелендіріп қарсы алды.

Сәуір айында «Астана–Алматы» бағытында қатынайтын «Тұлпар» жолаушылар жүрдек пойызы алғашқы сапарға аттанды. Қарашаның 9 жұлдызында Ақтау портынан Құлсары стансасына аса үлкен көлемді, биіктігі төрт қабатты үйдей жүктерді жеткізген қазақстандық шойынжолшылар әлемдік рекордты жаңартты. 30 қарашада Арқа стансасында Алтынсарин–Хромтау жаңа теміржол желісі ашылды. Егер бұған дейін Қазақстанның орталық бөлігінен шыққан жүкті Қазақстанның батыс өңірлеріне жеткізу үшін Ресей аумағын басып өту керек болса, енді жаңа желі арқылы ел аймақтарын тікелей жалғауға мүмкіндік туды. Соның арқасында жылына 160 млн доллар көлемінде қаржы үнемделді.

Тәуелсіздік күнін мерекелеу қарсаңында Астана вокзалының алдында тарихи экспонат – Эш-4161 сериялы паровозы орнатылды.

ТЫҢ ТУРАЛЫ ТЫҢ ДЕРЕКТЕР

2004 жылы Қазақстан тарихында айрықша кезеңнің бірі – Тың және тыңайған жерлерді игеру оқиғасына 50 жыл толды. Қазіргі 36 млн гектар егістік жердің 25 млн гектарына алғаш рет жарты ғасыр бұрын түрен түскен еді.

Айта кетейік, коммунистік есерсоқ саясаттың ұранымен дәл осы алаулатқан-жалаулатқан жылдары қазақ даласы аяусыз сойқандалды. Талай құнарлы өлке аяусыз жырымдалып, шабындық пен жайылымдардың көбі іске алғысыз болып қалды. Оның зардаптарын әлі күнге көріп келеміз. Қалай болғанда да, бұл – біздің халықтың басынан өткен тарих, қиянатты тарих. Осыған орай тың игерудің жарты ғасырлық мерейтойы аталып өтіпті. Оның салтанатты шарасына Елбасы Н.Назарбаев қатысып, маңызды сөз сөйледі.

«МӘДЕНИ МҰРА» – ҰЛТ МҰРАСЫ

Жыл басында Президент «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы туралы Жарлыққа қол қойды. Аталған мемлекеттік бағдарлама мәдени, экономикалық және әлеуметтік капиталға, жалпы адамзаттық мәдениеттің құрылымдық бөлігіне, этнос, қоғам, адам дамуына, тарихи ескерткіштерді қорғауға арналған негізгі құжатқа айналды. Бағдарламаны қабылдағаннан кейін 2004 жылы 51 тарихи және мәдени ескерткіштің реставрациялық жұмысы аяқталып, 39 қалашық пен қорғандарға археологиялық зерттеулер жүргізілді. Республиканың 218 нысанды қамтыған тарихи-мәдени және тарихи ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі жасалды. Ұлт мәдениеті үшін аса маңызды 30 сәулеттік және археологиялық қосымша ғылыми зерттеулер жүргізілді.

Сонымен қатар қазақ киносы тарихында үлкен жаңалық болды. Голливуд пен «Қазақфильм»-нің бірлескен туындысы – «Көшпенділер» фильмінің алғашқы түсірілімі аяқталды.

ҰБТ ЕНГІЗІЛГЕН ЖЫЛ

2004 жылы Қазақстанның білім саласында жаңашылдықтар болды. Алғаш рет Ұлттық бірыңғай тестілеу енгізілді. ҰБТ-ның нәтижесі жалпы және орта білім ұйымдары бойынша мемлекеттік аттестацияның қорытындысы ретінде есептелінді. Аталған тестілеу жалпы білім беру саласының сапасын сырттай бақылайтын тәуелсіз жүйе ретінде қалыптасты. Түлектердің жоғары оқу орындарына түсу мүмкіншілігі және қорытынды аттестатының бағасы ҰБТ-да алған балының санына байланысты жүйеленді. ҰБТ «Болашақ» президенттік шәкіртақыны алуға да мүмкіндік береді.

Ұлттық бірыңғай тестілеу кезеңі бес лектен тұрды және 125 балдық шкаламен бағаланады. Оқушылар бір күннің ішінде бес пәннен тест тапсырды. Әрбір пән 25 сұрақтан тұрды. Тестің жүргізілуіне 3,5 сағат, яғни 210 минут беріледі.

ҚЫТАЙҒА МҰНАЙ ҚҰБЫРЫ ТАРТЫЛДЫ

Ел экспортының 60 пайызын шикізат экспорты екенін, оның басында мұнай мен газ сатылымы тұрғанын ескерсек, бұл оқиғаның экономикамыз үшін аса айрықша болғаны даусыз. Қазақстан мен Қытай арасындағы мұнай мәселесіне қатысты ықпалдастық осы жылдары ерекше қарқын алды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ҚХР-ға барған сапары кезінде екі елдің ұлттық мұнай компаниялары арасындағы мұнай құбыры құрылысын бастау туралы келісімшартқа қол қойылды.

Мұнай желісінің алғашқы құбыры 2004 жылдың 28 қыркүйегінде жерге төселді. Бұл оқиғаны әлемнің ақпарат құралдары жарыса жазып, «ғасыр жобасы» деген ат қойып, айдар тақты. Қазіргі күні Атасу (Қазақстан) мен Алашаңқай (Қытай) арасын жалғап жатқан осы мұнай құбырының магистралі арқылы Қазақстан жылына 20 млн тоннаға дейін көмірсутегі шикізатын экспорттау мүмкіндігіне ие болды.

Жас отбасыларды баспаналы еткен жобалар

Ел егемендігінің 30 жылдық бедерінде жастарға аз көңіл бөлінген жоқ. Әсіресе, жас отбасыларды баспанамен қамту бағытында баянды бағдарламалар жанданып, жүйелі жобаларға жан бітті. Әрине, тәуелсіздіктің алғашқы 10 жылдығында тұрғын үй құрылысы баяу жүргізілгенімен, кейінгі 20 жылдықта ерекше қарқын алды. Жас отбасыларды баспана бақытына кенелткен бағдарламалардың алғашқысы – «Жас отбасыларға арналған тұрғын үй» жобасы.

Аталған бағдарлама аясында 2012-2017 жылдары елімізде жас отбасыларға арналған тұрғын үйлер салына бастады. 29 жасқа толмаған, заңды некеде тұрғанына 2 жыл болған отбасылық жұптар бастапқы жарнасыз жалға алынған баспанаға ие болды және тұрғын үй одан әрі сатып алу құқығымен берілді. Сол тұстағы үйлердің 1 шаршы метрі 80 мың теңгеден бағаланса, жас отбасылар 2 бөлмелі үйді небәрі 4 миллион 200 мың теңгеге сатып алып жатты. Соңғы рет 2017 жылы «Жас отбасыларға арналған тұрғын үй» бағдарламасы бойынша Өскемен қаласында пәтер үлестірілді. Дәл сол жылы аталған бағдарлама жұмысын тоқтатып, Елбасының тапсырмасымен «Нұрлы жер» бағдарламасы дүниеге келді. Аталған жоба аясында 15 жылда 1,5 миллион отбасыны баспанамен қамту көзделді. Жаңа бағдарлама тұрғын үй саясатына түбегейлі өзгерістер әкелді. Яғни, енді баспананы салғаннан кейін сатуға басымдық берілді. Ал жалға алынған үйлерді сатып алу құқығымен беру тәжірибесі қаржыландырудың тиімсіз тетіктерін көрсетті. Бұдан шығатын тұжырым – көп үй салу үшін көбірек сату керек. Ал үйді ұзақ мерзімге сатып алу құқығымен беру тиімсіздігін дәлелдеді.

2017 жылы Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі «Алматы жастары» деген бағдарламаны ұсынды. Алматылық жастарға арналған жаңа тұрғын үй бағдарламасына сол жылы жергілікті бюджеттен 1 миллиард теңге бөлінді. Бағдарлама аясында 35 жасқа дейінгі алматылықтар баспана алу үшін 10 миллион теңгеге дейінгі несиені жылдық жеңілдетілген 5 пайыздық мөлшерлемемен алды. Несиені қайтару мерзімі әрбір қатысушының төлем қабілеттілігіне байланысты 3 жылдан 19 жылға дейінгі мерзімге ұзартылды. Ал баласы бар алматылық жастарға бағдарлама аясында тағы да басқа жеңілдіктер қарастырылды. Мәселен, бірінші балаға 10 балл, ал одан кейінгі балаларға 20 балдан есептелді. Сондай-ақ бағдарлама туралы хабарлама шыққан уақытта некелескендеріне бір жылға жетер-жетпес уақыт болған жас отбасыларға 30 балл қойылды. Мұның бәрі баспана рәсімдеу кезінде қатысушыларға белгілі бір дәрежеде басымдық берді.

2018 жылдың жазында «7-20-25» тұрғын үй бағдарламасы іске қосылды. Бағдарлама бойынша үйді тек бастапқы нарықтан алу керек. Сондай-ақ ипотекалық несие несиелік тарихы «бұзылмаған», әлеуметтік тұрғыдан қорғалған және төлем қабілеттілігі жоғары адамдарға ғана берілді.

Ә дегеннен бағдарламаға қатысушылардың қарасы қалың болғандықтан «Баспана» ипотекалық ұйымы бюджеттік сала қызметкерлері мен жас отбасыларға қатысты қаржылық жүктемені төмендетіп, «Жас арман» және «Қамқор баспана» жобаларын ұсынды. Аталған жобалар Шымкент пен Ақтөбе қалаларында пилоттық режимде іске қосылды. Сонымен қатар «7-20-25» бағдарламасы аясында білім, денсаулық сақтау, полиция қызметкерлеріне баспана алуға арналған арнайы сертификаттар берілді.

«ЦентрКредит Банкі» де жас отбасыларға арнап ипотекалық құрал ұсынды. Аталған банк стандартты ипотекалық өнім де берді. Жастарға арналған ипотеканың стандартты өнімнен басты артықшылығы мерзімінде болды. Яғни, жастарға арналған ипотеканың мерзімі 20 жылға дейін ұзартылды. Ал алғашқы жарна көлемі баспана құнының 30 пайызына тең болады.

«ЦентрКредит Банк» ұсынған «Жас отбасы» бағдарламасының негізгі басымдығының бірі өтініштің жылдам қарастырылуында еді. Өтініш 3 күннің ішінде қаралып, тұрғын үйді Қазақстанның кез келген қаласынан алуға мүмкіндік туды. Бастысы, жұбайлардың жасы 35-тен аспауы керек. Ипотеканың пайыздық мөлшерлемесі – 16,5 пайыз. Ал жалақыны «ЦентрКредит Банкінен» алатындар үшін 16 пайыз болып бекітілді. Жұбайлар бір-біріне гарант болуға немесе басқа тұлғаларды қатыстыруға мүмкіндік алды.

2019 жылы «Жастар жылы» аясында Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының жұмысшы жастары 1 мың арендалық пәтермен қамтылды. Бұл бағытқа жыл сайын 7,2 миллиард теңгеден, ал үш жылда 21,6 миллиард теңге бөлінетін болды. Жалға алынған пәтерлер аталған жылдың 1 тамызынан бастап беріле бастады. Осылайша, 2021 жылға дейін ел астанасында 1 050, Алматыда 900 және Шымкент қаласында 900 арендалық пәтер салынды. Сонымен қатар жастарды баспанамен қамту мәселесіне бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында кәсіпорындар мен әлеуетті жұмыс берушілер тартылды.

Жас отбасыларды баспанамен қамтуда әлеуметтік бағдарламалардың да тигізген пайдасы орасан. Мәселен, «Бақытты отбасы» бағдарламасы көпбалалы жас жанұялардың баспана бақытына кенелуіне жол ашты. Сондай-ақ «Шаңырақ», «5-10-20», «Баспана хит», «Ипотека Орда» сынды жобалар арқылы да тұрғын үй алып жатқан жас отбасылар аз емес. Ең бастысы төлем қабілеттілігің мен отбасылық жағдайың талапқа сай келсе болғаны.

Енді биыл «Елорда жастары» атты жаңа тұрғын үй бағдарламасы іске қосылды. Аты айтып тұрғандай, жеңілдетілген несиеге баспананы шаһардың жастары рәсімдей алады. Бұл жолы тізімге жас бұқаралық ақпарат құралдарының мамандары да еніп отыр. Әрине, басымдық бірінші кезекте дәрігер, мұғалім, полицей және өнер адамдарына берілмек. Алайда болашақта тізімді кеңейтіп, өндіріс пен IT саласының қызметкерлерін де пәтермен қамту қарастырылып жатыр. Ипотеканың бастапқы жарнасы – 10 пайыз, жылдық үстемеақысы 5 пайыз болмақ. Ал пәтердің құны 13 миллион теңгеге дейін болуы тиіс.

Мұндай жоба Жамбыл жерінде де жанданып отыр. Өңірде бағдарлама «Әулиеата жастары» деп айдарланып отыр. Қазір жауапты мамандар, салалық мекемелер бірлесіп, тұрғын үй несиесін үлестіру бағдарламасын әзірлеп жатыр. Жобаның бастапқы қаржыландыруы 2 миллиард теңге болмақ. Қарыздың ең жоғары сомасы – 13 миллион теңге. Пайыздық мөлшерлемесі 5 пайыз болса, бастапқы жарна – 0-10-20. Алғашқы кезеңде 200 жас баспанаға қол жеткізе алады. Өтініш пен құжаттар электронды цифрлық қолтаңба арқылы қабылданса, қатысушылардың жасы 35-тен аспауы тиіс.

P.S.

Міне, бұл – жастар мен жас отбасыларды баспанамен қамтуға бағытталған баянды бағдарламалар. 30 жылдың бедерінде бір бағдарлама өміршеңдігін тоқтатса, екіншісі – дүниеге келіп жатыр. Бұл жастарға мемлекет тарапынан қолдаудың толастамайтынын аңғартып тұр. Ендеше, осынау мүмкіндіктерді мүлт жібермей, жас отбасылар баспана бақытына көптеп кенелсін деп тілейміз.

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

aikyngazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

Бисен ЖАҚЫПОВ:

ҚАЗІРГІ САРБАЗДАР – СМАРТФОНМЕН ӨСКЕН БАЛАЛАР

Қоғамда әскердегі әлімжеттік әлде де сақталғаны жайлы пікірлер жиі айтылады. Оған кейде армия қатарында жүргенде өз-өзіне қол салатындардың кездесіп қалатыны отқа май құйғандай әсер ететіні бар. Ал офицерлер әлімжеттік азайғанын алға тартады. Алайда әскерде суицид мен әлімжеттік көріністері қандай деңгейд? Әскердегі тәртіп қалай бақыланады? Сондықтан біз Қазақстан Қарулы Күштері Бас штабы Тәрбие және идеологиялық департаментінің бағыттау аға офицері, полковник Бисен Жақыповпен сұхбаттасып, әскердегі суицид пен әлімжеттік мәселелері жайлы сұрадық.

– Бисен Жарылқасынұлы, әскердегі суицидті түбегейлі жою мүмкін болмай тұр. Мамандар суицид жасаушылардың ортақ портретін жасай алды ма?

– Бүгінде суицид құбылысы адамзат үшін этикалық, әлеуметтік, медициналық және психологиялық проблема ретінде өзекті болып қала береді.

Қазіргі заманғы тұжырымдамаларға сәйкес, суицид ол бастан кешкен микрожанжалдар жағдайында адамның әлеуметтік-психологиялық бейімделуінің салдары ретінде қарастырылады. Яғни, суицид – бұл төтенше, дағдарыстық жағдайдағы адамның мінез-құлқы түрлерінің бірі, сондықтан суицидшілердің жалпы портретін жасау мүмкін емес.

Дүниежүзілік денсаулық сақтауұйымының стандарттарына сәйкес, өз-өзіне қол жұмсау саны 100 мың адамға арақатынаста өлшенеді. Егер өз-өзіне қол жұмсау саны 100 мың тұрғынға 20 адамнан көп болса, онда бұл көрсеткіш жоғары болып саналады.

Мәселен, Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің деректері бойынша Қазақстан суицидтік белсенділік деңгейі жоғары елдердің қатарында, өйткені жылына Қазақстанда 100 мың тұрғынға шаққанда 22,8 суицид болып тұрады.

Республика бойынша өз-өзіне қол жұмсау жағдайына былтыр жасалған талдау көрсеткендей суицид жасағандардың жартысынан көбі (53%) ересек адамдар, яғни 30 жастан 54 жасқа дейінгілер.

Бұл ретте, Қорғаныс министрлігінде өз-өзіне қол жұмсайтындар 18-29 жас аралығындағы әскери қызметшілер.

Республика бойынша 18-29 жас аралығындағы өз-өзіне қол жұмсайтындар 100 мың адамға арақатынаста 14,05 құрайды, ал Қарулы Күштерде өз-өзіне қол жұмсау саны 100 мың адамға арақатынаста 8,75 құрайды, яғни республика бойынша көрсеткіштермен салыстырғанда әскерде өз-өзіне қол жұмсау деректері екі есе төмен.

Қазақстанның басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарына қарағанда Қорғаныс министрлігіне қарасты әскери бөлімдерде адам саны 2-3 есе көп екенін де ескеру қажет. Пайыздық өлшеммен алғанда Қарулы Күштерде өз-өзіне қол жұмсау саны анағұрлым аз.

Енді Кеңес Одағы кезеңін еске алайықшы. 10 жылға созылған Ауған соғысын бәріміз білеміз. Ондай соғыстар болмай-ақ қойсын, балаларымыз бармасын ешқандай соғысқа. Дегенмен 18 жасқа енді толған жас жігіттер өздері сұранып кетіп жатты – сол Ауғанға. Әрине өкінішті, қаншама ағаларымыз интернационалдық борышын өтеуде мерт болды, жарақат алды. Мен бұл жерде олардың өз-өздеріне жауап беретін азаматтар ретінде, сол кезде патриоттық сезіммен, батыр болам деген арманмен (нағыз еркектік сезімдер ғой) өз өмірлерін қатерге тіккенін айтқым келіп отыр.

Ал қазір әскерді балабақша сияқты жасап жібергендейміз. Оған қоғамның да әсері бар шығар. Үйде, мектепте не бердіңіздер, сонымен балаларды алып жатырмыз. Қазіргі сарбаздардың көбі смартфонмен өсіп жатыр. Ауылда өскен балалар болмаса, қалада тұратындардың біразы қара жұмыс дегеннің не екенін білмейді. Егер «ата-аналар балаларын телефонға тапсырып қойған» десем, кім менің сөзімді теріске шығара алады екен?! Жыламаса, жұмыстан кейін мазамды алмаса болды деп баланың қолына телефон беріп қойып, ата-ана өзі де WhatsApp, Instagram қарап отырады. Бізге, әскерге сол телефонмен өскен бала келіп жатыр. Әрқайсысының миына, ойына кіруіміз керек. Бәрінің бірдей санасына жету мүмкін емес.

> *Ауылда өскен балалар болмаса, қалада тұратындардың біразы қара жұмыс дегеннің не екенін білмейді. Егер «ата-аналар балаларын телефонға тапсырып қойған» десем, кім менің сөзімді теріске шығара алады екен?!*

– Әскер өміріндегі құбылыстарды «сырт көз» – азаматтық сала мамандарына зерттету, соның ішінде психолог, социологтерді тарту мәселені өзге қырынан тануға мүмкіндік беруі ықтимал. Әскерде мұндай бағытта зерттеулер жасала ма?

– Психологиялық қызметтің тиімді жұмыс істеуі үшін жыл сайын психолог мамандар жоғары оқу орындарында біліктілікті арттыру, қайта даярлау курстарынан өтеді, сондай-ақ азаматтық сала мамандарымен психолог мамандарының ой-өрісін, көзқарасын кеңейту және тәжірибе алмасу үшін тар бейінді психолог мамандарын (суицидологтер, лудомания, психодиагностика, психологиялық консультация беру) тарта отырып, Қазақстан Қарулы Күштерінің тектері, әскер түрлері ауқымында жиын өткізіледі.

Ал Қорғаныс істері жөніндегі департаменттерде жастарды әскерге шақыру кезінде медициналық комиссия құрамына сол облыстағы, қаладағы азаматтық саладағы білікті мамандар іріктеу арқылы шақырылады. Олардың ішінде тәжірибелі дәрігерлермен қатар азаматтық персоналдар қатарынан психологтер де, социологтер де бар.

Осы жылдың маусым айының соңында телеарналардың бірі Қорғаныс министрлігі өкілімен сұхбат өткізді. Сол телехабарда халық арасында өткізілген, жастардың әскерге бару-бармауы туралы сауалнама жүргізілді. Барлығы бірауыздан әрбір еркек азамат әскерге баруға, Отан алдындағы азаматтық борышын өтеуге міндетті деп жауап берді. Бір әйел «Балам әскерге барса, адам болып келер еді» деп те айтып қалды.

Қорғаныс министрлігі жылына 13 мыңнан астам баланы әскер қатарына шақырады (Қазақстан Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құрамаларына жылына 32 мыңнан астам сарбаз шақырылады), Олар қолына қару ұстап, оны меңгеріп, балалық сезімді артқа тастап, ересек болып ел-жұртына оралады. Дегенмен әскери өмір кезінде жастардың мінез-құлқындағы, психологиясындағы өзгерістерді бақылап отырамыз. Алайда мамандар кейде суицид жасаудың алдын алуға қауқарсыз болып қалатыны бар.

– Әдетте, әскер қатарына шақырылатындар медкомиссиядан өтеді. Дәрігер-психолог, психиатрлар суицидке баруы мүмкін азаматтарды болжауға қауқарсыз ба?

– Қорғаныс істері жөніндегі департаменттердің жиын пункттерінде әскерге шақырылушылар бірінші кезекте жарамдылық дәрежесі бойынша медициналық комиссиядан өтеді, тек содан кейін психолог мамандар әскерге шақырылушыларды психологиялық зерделеу (құжаттарды (жеке істерін) талдау, психологиялық тестілеу, жеке әңгімелесу, байқау және сұрау) бойынша жұмыс жүргізеді.

Осы зерделеудің нәтижелері бойынша психологтер кандидаттардың әскери қызмет өткеру үшін жарамдылық дәрежесі туралы «бірінші кезекте ұсынылады» деп бірінші санатта, «ұсынылады» деп екінші санатта шақырылатындарға ұсыным береді, «шартты түрде ұсынылады» деп үшінші санат берілгендер қатарына әскери бөлімдерден әскер қатарына шақырылушыларды қабылдауға келген әскери қызметшілердің шешімімен алынатындар жатады, яғни оларды қандай бөлімге, қандай мамандыққа тағайындауға болатыны зерделенді, «ұсынылмайды» деп берілетін төртінші санаттағыларға жеке психологиялық тұрақтылығы және жаңа жағдайға икемділігі төмен, сондай-ақ өз-өзіне қол жұмсауға бейім деп анықталған адамдар жатады, олар әскер қатарына шақырылмайды.

Ғылыми дәлелденбегенімен, өз-өзіне қол жұмсаушылықтың көбіне тұқымқуалаушылық тұстары бар екенін зерттеулер көрсетеді. Көп жағдайда суицидке барғандардың туыстары да өз-өзіне қол жұмсағаны белгілі болып жатады. Ол тіпті жақын арада емес, 10-15 жыл бұрын да болғаны анықталып жатады. Мен мұны тек әскер ішіндегілерге қатысты айтып отырған жоқпын, жалпы халық арасындағы жағдай осындай екенін өздеріңіз де білесіздер. «Түс көрдім, түсімде бауырым (қайтыс болған жақыны туралы) шақырып жүр» деп айтып жүр еді, «асылып қалыпты ғой» деген әңгімелерді жиі естиміз. Осылай ести тұра, біле тұра қанша адамнан туыстары айырылып қалды. Ал үндемей, іштей тынып жүретіндерді қайтеміз?!

– Көп жағдайда әскердегі өлімжітімді әлімжеттікпен байланыстырады. Шынымен солай ма?

– Жоқ. Мұндай фактілер сирек кездеседі. Кем дегенде, соңғы 7-8 жыл ішінде Қарулы Күштерде өзара қарым-қатынастың жарғылық ережелерін бұзу немесе қол жұмсау арқылы билікті теріс пайдалану салдарынан мерзімді қызмет әскери қызметшінің қаза болуының бірде-бір оқиғасы болған жоқ.

Бұрынғы Кеңес Одағы кезіндегідей «дедовщина» деген жоқ. Өйткені мерзімді әскери қызмет бар болғаны бір-ақ жыл. Әскерге жастар жарты жыл сайын шақырылады. Осыған қарамастан жарты жыл сайынғы шақырылатындардың өзін, тіпті шама келгенше әр облыс жастарын бір-бірімен араластырмаймыз. Бір жыл мерзімін атқарған сарбаздар кеткен соң ғана жаңа буын әскери бөлімге келеді. Ол бір жағынан жағымсыз «дәстүрлерін» көрсетіп кетпесін деген оймен жасалады.

Әрине, 200-300 бозбала жиналған жерде, әрқайсысы өзінің үстемдігін көрсеткісі келеді. Ол адам баласының табиғатына тән жағдай. Қаншалықты бақылап, қарап жүргеннің өзінде шекісіп қалып жатады. Оны әлімжеттік (дедовщина) деп атауға болмайды.

– Сіздер, офицерлер әлімжеттік азайғанын айтасыздар. Ал әскер қатарында болғандар оның формасы өзгергенін алға тартады. Қазір ұрып-соғу азайғанмен, психологиялық қысым, буллинг элементтері бар деседі. Сырт көзге ойын, қалжың тәрізді көрінуі мүмкін. Іс жүзінде әлімжеттік дейді. Шын ба?

– Әскердегі казармалық бұзақылық құбылыстар толығымен жойылды деп айтуға болмайды. Өкінішке қарай, мұндай фактілер кейде кездесіп жатады, бірақ олар біртұтас және жаппай жүйелік сипатқа ие емес. Сонымен қатар таза ерлер арасында қақтығыстар туындауы мүмкін екенін түсіну керек, олар көбіне ауызша даудамай негізінде аздап басталады. Кейде мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің өздері мінез-құлқымен сержант немесе офицерді қатаң шара қолдануға итермелеуі мүмкін. Ешкім ешкімді қорламайды.

Кез келген жағдайда кінәлі лауазымды адамдар қатаң жазаға тартылады немесе Қарулы Күштерден шығарылады.

Әлеуметтік желілерде, YouTube және тағы да басқа жерде сарбаздар арасындағы кикілжіндер, офицерлер мен сержанттар тарапынан дөрекіліктер туралы бейнероликтер тарап жатады. Оның көбі ескі бейнероликтер, яғни 8-10 жыл бұрын, тіпті десеңіз 15 жыл бұрын түсірілгендер, оған қоса басқа мемлекеттер әскерінде орын алған жағдай да бар. Қазақта «Атың шықпаса жер өрте» деген мақал бар. Кейбір азаматтар ана жерден, мына жерден ескі бейнероликтерді жинап алып, оны бөлшектеп, кесіп, қайта құрастырып, қазір болып жатқандай етіп көрсетеді. Оны ел-жұрт көреді, ал әскерге бармаған, диванда отырған комментаторлар жағымсыз пікірлерін бұрқыратып жатады.

Барлық казармаларда сарбаздардың жүріс-тұрысын қарап отыратын бейнекамералар бар. Жергілікті жерлерде Әскери полиция өкілдерінің қатысуымен күн сайын, Қорғаныс министрлігінің, әскер түрлерінің жоғары басшылықтары іссапармен барғанда сарбаздарды ішкиімге дейін шешіндіріп, дене бітімдерін тексереді, оның ешқандай әбестігі жоқ. Ата-аналары бізге сеніп тапсырған соң, денелеріне бір дақ түсірмей, үйлеріне аман-есен қайтару парызымыз.

Сарбаздар аптасына 4 рет ата-аналарына, туыстарына телефон шалып отырады. Олар әрқайсысы қалтасына ұялы телефон салып жүрмейді, әскерде болған соң оған тыйым салынған. Бірақ әрбір ротада немесе қандай да бір бөлімшеде телефон сақтайтын темір шкаф (сейф) бар. Әскери бөлімнің командирі, оның орынбасарлары ата-аналармен әрдайым хабарда отыру үшін чат құрып қойған. Ата-ана баласымен сөйлескенде оның дауысынан көңіл күйінің болмай жүргенін байқаса, командирлеріне, олардың орынбасарларына уақытында айтып отырса, құба-құп болар еді. Дер кезінде шара қабылдап, келеңсіз оқиғаларға жол бермес едік.

– Әлімжеттік себептерін іздеуде мектептегі, отбасындағы қарым-қатынас, қоғамдағы стереотиптер қарастырыла ма? Айталық, қоғамда криминалдық «понятие» дейтіннің жастар арасында әлі де болса жойылмағаны, «тоқылдақ» деп айдар тағу, интернет арқылы буллинг жасау дегендей.

– Батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы: «Тәрбие бесіктен басталады» деп айтқан еді. Сарбаздар әскерге айдан келген жоқ. Әскерге дейін тәрбиені ел арасында жүріп алды. Әркімге өз баласы ең момын, ең ақылды, ең ұқыпты. Кейбіреулері балаларының сыртта не істеп жүргенінен бейхабар. Әбден бұзақылық жасалып, болары болғаннан кейін, «қайдан білейік?» деп жатады. Тентек балаларын «әскерге барсын, адам болып келеді» деп жүргендерді қанша рет естідік, көрдік. Сонда өздері 18-20 жасқа дейін тәрбиелей алмаған баласын әскер тәрбиелеу керек пе? Иә, әскери тәртіп барлығына жуығын бірізге салып береді. 99,9% пайызы айтқанды тыңдауды үйренеді, қасындағылармен жолдастыққа, бір шаңырақтың астында (казармада) еркектер ұжымының ауызбіршілігіне қалыптасады деп айтар едім. Дегенмен әскерге дейін көрген-білгенін сарбаз болып жүргенде қолданғысы келетіндер ішінара табылады.

Өткен кезең (отбасы, мектеп, тәрбие, оқыту) әскерге шақырылғаннан кейін жауынгердің одан әрі мінез-құлқына белгілі бір із қалдырады. Бірақ бейімделуден кейін барлық осы бейресми ұғымдар әдетте жойылады. Біз әрқашан осы бағытта жұмыс істейміз. Адамдардың белгілі бір санаты динамикалық бақылау тобына кіреді, онда оларға күшейтілген бақылау, психологиялық әсердің профилактикалық және тәрбиелік құқықтық шаралары жүзеге асырылады. Мысалы, «Жауынгерлік дос» жүйесі тәжірибеде өзін жақсы жағынан көрсете білді, біз оны үнемі жетілдіріп отырамыз.

– Әлімжеттіктің әлі де сақталуына келісімшартпен қызмет ету жүйесінің енгізілгені қаншалықты әсер етті? Бірнеше жыл бұрын заставадағы мерзімді әскери қызметшілерді келісімшартпен жұмыс істеп жүргендер қуып жібергені жайлы мәлімет тарап еді.

– Келісімшарт бойынша әскери қызметтің енгізілуі әскерде «дедовщина» түріндегі жарғылық емес қатынастардың сақталуына ешқандай әсер етпеді. Сонымен қатар қазір әскерде «дедовщина» деген ұғым жоқ деп айтар едім. Жоғарыда айтып кеткендей бұл өткеннің қалдығы, Кеңес уақытында өмір сүрген адамдардың санасында қалып қойған стереотип.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Амангелді ҚҰРМЕТ

Директордың «тағдырын» кім шешеді?

«Бармақ басты, көз қыстыға» баратын мектеп директорларының жолын кесу үшін жаңа ереже әзірленіп жатыр. Ендігі жерде педагогтерді директордың өзі емес, іріктеу комиссиясы қабылдайды. Жалақылары өскен сайын ауыл мұғалімдерінің «орны» қымбаттай бастады деген пікірлер де бар. Сондықтан жаңа ереже мектептегі жемқорлыққа тұсау сала ала ма?

Жадыра МҮСІЛІМ

Елдар КАБА (коллаж)

Жасыратыны жоқ, соңғы жылдары білім бесігіне теңейтін мектеп төңірегінде түрлі қаңқу сөздер жиі сөз болады. Білікті кадрларды іріктеп алуы тиіс мектеп директорларының креслосы да мыңдаған долларға бағаланатыны туралы алып-қашпа әңгімелер бар.

Жақында ғана «Дана» мектебінің бас директоры Рената Төлегенова әлеуметтік желідегі парақшасында директорлық 15 мыңнан 25 мың долларға дейін бағаланатынын, ал қарапайым мұғалім болу үшін 700 мыңнан 1,5 млн теңгеге дейін қаражат қажет болатынын айтып жазба қалдырған. Айтуынша, бастауыш сынып мұғалімі лауазымына жұмысқа орналасу үшін 200-300 мың теңге сұрайды. Дене шынықтыру пәні мұғалімінің жұмысқа кіру билеті 150 мыңның арғы жағында. Алайда өз мамандығы бойынша жұмысқа қабылдану үшін алдын ала сыйақы төлегендер әділетсіздікке қарсы тұрып, басшылықтың үстінен арыз жазуға арланады екен. Өйткені арызқой жұмысшының аты-жөні жұмыс іздеп барғанша келесі директорға алдын ала айтылып қояды деп қорқады. Кейде батылы жеткеннің өзінде пара алғанын дәлелдеуге айғақ таба алмайды. «Мұғалімдер арасында сауалнама жүргізіп көргенде көпшілігінің мемлекеттік мектептер мен құрылымдарда жұмыс тәжірибесі бола тұра осындай заңсыздықпен бетпе-бет келгеніне куә болдық. Сұрақ-жауапқа қатысқан 50 педагогтің бесеуі ғана оң жауап берді. Қазір барлық мемлекеттік мектепте, соның ішінде ауылдық жерлерде жұмысқа тұру ақылы. Тіпті, жалақылары өскен сайын ауыл мұғалімдерінің орны қымбаттай бастады», – дейді Рената Төлегенова.

ПАРАҚОР МЕКТЕП БАСШЫЛАРЫ КӨБЕЙДІ

Білім ошағы болған соң «қаңқу» деп жұмсартып жатқанымыз. Әйтпесе, соңғы екі жылдың өзінде мектеп басшылығының үстінен қылмыстық іс жиі қозғалатын болды. Бес жыл бұрын Алматы облысының Кеген ауылында ауыл мектебінің директоры жұмысқа орналасуға келген мұғалімнен 100 мың теңге пара алған кезде қолына кісен салынды. Ал Іле ауданында мектеп директоры сотталған адамды жұмыс орнында қалдыру үшін пара алған. Былтыр Жамбыл облысындағы «Шу ауданы әкімдігінің білім беру бөлімінің өнер мектебі» директоры жұмысқа орналастырғаны үшін 150 мың теңге сомасында пара алғаны дәлелденіп, үш жылға темір торға қамалды. Түркістан облысы Мақтаарал аудандық мектеп директоры техникалық қызметкер ретінде жұмысқа орналастыру үшін ауылдасынан 150 мың теңге ақша сұраған. Айта берсең, парақор мектеп басшыларының тізімін бүгін тауысып біту мүмкін емес.

Білім сапасын емес, қалтасының қамын көбірек күйттеп жүрген осындай мектеп директорларының санын қысқарту үшін Білім және ғылым министрлігі білек сыбана кіріскен. «Осындай олқылықтың орнын толтыру үшін заңнамаға өзгеріс енгізуді қолға алдық. Бұрын әр мектептің басшысы мұғалімді жұмысқа қабылдағанда дербес шешім қабылдайтын. Өзі шешім қабылдау үлкен тәуекел болып саналатын. Сондықтан осы тәуекелдердің алдын алу үшін заңнамаға өзгеріс енгіздік. Жаңа ережеге сәйкес, енді бос орын туралы жарнама беріледі. Хабарламада жалақысы мен жұмыс талаптары айтылады. Содан кейін үміткерлер құжаттарын тапсырады. Мұның бәрін электронды форматқа ауыстыруымыз керек. Мұғалімнің біліктілігіне, құзыреттілігіне, кәсібілігіне сәйкес комиссия тиісті шешімді ашық әрі жария түрде қабылдап, мектепке ең қабілетті әрі білімді мұғалімдер келуі керек. Осы механизм білім туралы заңға норма ретінде енгізілді. Енді біз қазір осы норманы іске асыру үшін министрліктің бұйрығын дайындап жатырмыз», – деді Асхат Аймағамбетов. Бұдан бөлек, қазіргі жүйенің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің пайда болу мүмкіндігіне жол беретінін және бұл оқыту сапасына теріс әсер ететінін айтқан білім басшысы мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларын ротациялау институтына қатысты да өзгеріс енетінін айтты. Бұрын білім беру жүйесінде қолданылмаған бұл өзгеріс талайдан бері креслосын ауыстырмаған мектеп директорларына тықыр таянғанын білдіреді. Қазір мемлекеттік білім беру ұйымдарының көптеген басшыларында мерзімсіз еңбек шарттары бар. Көпжылдық еңбектің тиімділігінен гөрі, білім сапасының әлсіреуіне әкелетін тұстары көп. Бұл өз кезегінде басқа қызметкерлердің мансап баспалдағымен жылжуына деген ынтажігерін басып, білім берудегі бәсекелестіктің орнауына мүмкіндік бермей отыр.

МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ІШІНЕН КАДР ДАЯРЛАУ КЕРЕК

Педагог-ғалым Нұрша Оразахынова ережеге енетін өзгерістер жайлы өз пікірін білдіріп, бүгінгі мектеп басшылығына біраз сынын айтты. «Бұрын мектеп директоры болу үшін бірнеше сатыдан өтетін. Өйткені білім жүйесін басқаруға қажетті дүниелердің барлығын білу қажет. Қазір мектеп директорларын тағайындауда басқару қабілетіне біржақты баға беру үрдіс алып кетті. Басқару жүйесінің сапасыз болуының себебі осыдан. Екіншіден, мектеп директоры сабақ бермейді. Өзі білім бермеген соң мектептегі оқу сапасын ол қайдан біледі? Директорлар шаруашылық мәселесімен айналысып кеткен. Сосын директордың бір жерде ұзақ отыруы тиімсіз. Оларды үш жылда бір ауыстырып отыру керек. Қазіргі директорлардың интеллектісі жоғары деп айта алмаймын. Көбісі мұғалімді «ашса алақанында, жұмса жұдырығында» ұстағысы келеді. Тіпті, кейде мұғалімді ата-аналардың табанының астына салып беруге дайын. Ертең ата-аналардың креслосынан айырып жіберуінен қорқады. Себебі о баста директорлыққа білім сапасын арттыру үшін емес, қалтасын қалыңдату үшін келді. Директорларды бір мектептен екінші мектепке ауыстыру үрдісін құптамаймын. Керісінше, сол мектепте көпжылдық тәжірибесі бар, білікті кадрлардан іріктеп алыну керек. Білімі жоғары маманды ұжымның өзі сайласа деп санаймын. «Балық басынан шіриді» демекші, мектеп басшылығы былыққа батса, ол мектепте білім болмайды. Білім ошағында берекет болмайды. Бұрын Алматыда 140-мектепте Сәуле Өскенбаева деген директор болған. Мықтылығы сол, қол астындағы мұғалімдердің ішінен кадр дайындайды. Ал қазір керісінше өзінен жақсы мұғалімдер шығып келе жатса, көйлегінің астынан тартып, төбесінен басып көтерілуге мүмкіндік бермейміз. Өз орнын басатындай, ұжымның біліктілігін арттыруға жаны ашитын адамды тәрбиелей білу кемшін. Қазір Алаш зиялыларының дүниесін зерттеп жүрмін. Меніңше, білімге жауаптылар шетелдің қаңсығына таңсық болғанша, алаштықтардың айтқанымен жүрсе адаспайды. Олардың айтқан ақылымен жүрсек, білім сапасының да көш ілгерілеуіне септігі тиер еді», – дейді Нұрша Алжанбайқызы.

Шындығында да, шәкірттерді білім нәрімен сусындатуы тиіс ұстаздарды бойындағы қабілетіне қарап емес, қалтасының қалыңдығына қарап қабылдайтын жерде қандай білім болмақ? Білім саласында бірнеше жылдық тәжірибесі бар жоғары білікті педагогтің сөзіне алып-қосарымыз жоқ. Министрлік жоспарлап отырған жаңа ереже бойынша, мектеп директорларын үш жыл сайын ауыстыру керек. Үш жылдық еңбек өтілі мектеп жұмысын жандандыруда аздық етеді дейтін кейбір мамандардың айтқандары да заңдылық. Сондықтан Нұрша Оразахынова айтқандай, болашақ директорды алыстан ат арытпай, мектеп асханасын егжей-тегжейлі білетін ұжымның өз арасынан іріктеу оңтайлы болмақ. Бұл өз кезегінде іріктеу арқылы келген мамандардың білімі мен біліктілігі жоғары басшымен жұмыс істеуіне де жеңіл болар еді.

Қуаңшылық шаруаға тұсау болды

Еліміздің батысы мен оңтүстік облыстарындағы ауыл шаруашылығын тұралатқан қуаңшылық Ақмоланы да айналып өтпеді. Жауын-шашынның аздығы мен ауыл шаруашылығы дәнді-дақылдары мен шабындықтардың қазіргі жағдайы алаңдатарлық. Әсіресе, соңғы апталарда болған қатты ыстық пен өрт оқиғаларының жиілеуі мал жайылымы мен шабындық жерлерді тақырлап кеткен. Мұнымен қоса жер емген диқандардың да еткен еңбегін еш кетіруі бек мүмкін. Малмен айналысатын шаруа қожалықтарымен қатар ауылдағы бес сандыра малына шөп шабу қиындаған ауылдағы ағайын қайтерін білмей дал. Ал аграрлық сала мамандары дабыл қағатын жағдайға жеткенін айтады.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ

Қысқы жемшөбін қалай жинарын білмей қиналған жұрт толғандырған жағдайын ашына айтты. Айтуынша, биыл жылда шабатын шабындықтары сұйылып кеткен.

«Биыл жаңбыр болмай, шөп аз шықты. Жылда шамамен 400 орам шөпті қиналмай орып алатынбыз. Бірақ биыл аса қиын болғалы тұр. Осы уақытта шөп шауып, қажет шөптің жартысына жуығын үймелеп қоятынбыз. Ал биыл кейбір жер, тіпті тақырланып кеткен. Өте сұйық. Селдіреп шыққан шөп малға жұқ болмайтын түрі бар. Жаңбыр болса, астынан жаңа шөп шығып, қыркүйек айына таман шаппасақ, басқа амал қалмай тұр. Кәсібіміз әрі табысымыз осы болған соң, мал шаруашылығымен әрі егінмен айналысатын біз үшін аса қиын», – дейді Бурабай ауданы Мезгілсор ауылының тұрғыны Мұратбек Қошығұлов.

Аталған мәселе «Nur Otan» партиясының жанындағы аграрлық секторды дамыту жөніндегі қоғамдық кеңестің отырысында да талқыға түсті. Ауыл шаруашылығымен айналысатын шаруашылық серіктестіктер мен шаруа қожалықтарының жағдайы мүшкіл болып жатқанын облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Еркеш Әленов те мойындады. Оның айтуынша, көктемгі дала жұмыстары өңірдің барлық ауданында жоспарланған егістік алаңдарында уақытылы аяқталған. Егістік егетін шаруашылықтардың бәрінде егістік аумақтар өткен жылдардағымен салыстырғанда біршама ұлғайған. Алайда биылғы егін көктей бастайтын мамырмаусым айларында жауған жаңбырдың аздығы шаруаларға оңайға соқпапты.

«Қазгидромет» РМК-нің Ақмола облысы бойынша филиалының мәліметінше, мамыр және маусым айларында жаңбыр аз болды. Ауа райын болжау орталығының деректері бойынша шамамен 13,1 және 19,1 миллиметр көлемінде ғана болған. Кейбір аудандардағы шаруа қожалықтарында мүлдем тамшы да тамған жоқ. Бұл ауылшаруашылық саласына елеулі нұқсан келтіреді», – дейді Ақмола облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Еркеш Әленов.

ШАРУАЛАР ДАБЫЛ ҚАҒЫП ЖАТЫР

Ауыл шаруашылығы басқармасының деректеріне сенсек, осы жылдың сегізінші шілдесіндегі соңғы мәлімет бойынша облыс аумағындағы 1,8 миллион гектар, яғни шамамен 40 пайыз жердің жағдайы жаман емес. 2,5 миллион яғни өңірдің барлық ауыл шаруашылығы жерлерінің 55 пайызы қанағаттанарлық. Ал 228,1 мың гектар яғни, 5 пайыз жер құнарлылығынан айырылып, мүлде нашар күйге ұшыраған.

Дегенмен «Қазгидромет» РМК филиалының ұзақмерзімді болжамдары бойынша шілде және тамыз айларында орташа жылдық мөлшердегі жауын жауып, бұл егістік алқаптары мен шабындықтардың жағдайын қалпына келтірмек.

«Көрсеткіштер күн сайын өзгеріп отырады. Бұйырса жауын жауса, астынан жаңадан шығатын өскіндер мен жүгері сияқты дақылдар мен шөп шабу науқанын жақсартуға мүмкіндік бере ме деген ойымыз бар. Қазіргі уақытта Ерейментау, Қорғалжын, Атбасар, Жақсы және Есіл аудандарындағы жағдай күрделі болып тұр», – дейді басқарма мамандары.

Ауылдағы шаруалардың жағдай мәз емесін «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы төрағасының орынбасары да мойындады. Оның айтуынша, шаруалар қазірдің өзінде егін түсімінің аз болатынын айтып дабыл қағып жатыр.

«Мал шаруашылығымен айналысатын шаруа қожалықтары мен серіктестіктердің малына жемшөптің жетіспейтіні қазірдің өзінде анық байқалып тұр. Қуаңшылық жағдайды күрделендірсе де қиындықтан шығудың жолын қарастыру қажет. Егістік алқаптарында қалған сабанды сығымдап халықты қамтамасыз етпекпіз. Егін егетін диқандар сабанды ұнтақтамауы тиіс. Бұл туралы бәріне хабарланды», – деп толықтырды Еркеш Әленов.

Басқарманың деректері бойынша жемшөптің жеткіліксіздік қаупі әлі де бар. Облыстың жемшөп қажеттілігі шамамен 1 миллион 181 мың тонна болса, соның әзірге тек 35-40 пайызы ғана әзірленген. Ведомстволық мәліметінше, қазіргі уақытта іргелі шаруашылықтар жемшөбін әзірлеп жатыр. Ал жекеменшік сектор шілденің соңынан қыркүйекке дейін шөп шаппақ.

ЖЕМШӨП ТАПШЫЛЫҒЫ МАЛДЫҢ АЗАЮЫНА ӘКЕЛЕДІ

«Аудан әкімдеріне ауылдық округтерді аралап түсіндіру жұмыстарын жүргізу тапсырылды. Қазір қандай шөп болса да қарайтын жай жоқ. Құрғақ қамыс болсын, шаба беру қажет. Бұл күрделі жағдай ұзақ уақытқа созылған ыстықтың салдары болып отыр. Жемшөптің тапшылығы тіпті малдың азаюына, өлім-жітімге ықпал етуі ғажап емес. Мәселені жедел шешу үшін жергілікті масштабта төтенше жағдай жариялау да артықтық етпейді», – дейді басқарма басшысы Еркеш Әленов.

Сала мамандарының пікірінше, төтенше жағдай жариялау шабындыққа жарамды жайылымдар мен мал басы бар ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері арасында әрі жеке қосалқы шаруашылықтары бар ауыл адамдары үшін тегін бөліп беруге мүмкіндік береді. Бұл – ауыл шаруашылығындағы қалыптасқан күрделі жағдайды шешу үшін мәжбүрлік. Ал облыстағы осы салаға жетекшілік ететін әкім орынбасарының мәліметінше, аудандарда барлық тиісті шара жүргізіліп жатыр.

«Жергілікті атқарушы органдар жағдайды реттеу үшін барлық мүмкіндікті қарастырып жатыр. Қуаңшылықтың салдары күн санап өсіп барады. Біз жауын күтіп отырмыз. Ірі ауылшаруашылық тауар өндірушілерінен ауылдағы шартты пай иеленушілерін жемшөппен қамтамасыз етуін сұрап жатырмыз. Облыс әкімінің тапсырмасымен барлық ауданда жемшөптің әзірленуіне мониторинг жүргізетін жедел штабтар құрылған», – дейді Ақмола облысы әкімінің Ауыл шаруашылығы жөніндегі орынбасары Ғалымжан Әбдіхалықов.

Ал жығылған үстіне жұдырық болғаны облыстың бірқатар ауданында киіктер күрделендіріп жіберген. Егістік алқаптарын таптап кеткен жануарлар шаруаларды орасан шығынға батырған. Әсіресе, Атбасар өңірінен Астрахан ауданына қарай ауған киіктер таптап кеткен егістер көп.

«Бұл жағдай бірнеше жылдар бойы қайталанып келеді. Өткен жылдары шамамен 10 мыңдай киік болса, қазір олардың саны 20 мыңға жетіп жығылған. Киіктер, тіпті Астрахан арқылы елордаға жетіпті. Оның «Қызыл кітапта» болуы да жағдайды қиындатып тұр. Екі жылдан бері киіктерді өнеркәсіптік мақсатта ату үшін келіссөздер жүргізіп келеміз. 2023 жылдың 1 қаңтарынан жүзеге асырылатын шешім де бар. Ал қазір әр шаруа өз жерін өзі қорғауға мәжбүр», – деп толықтырды Ғалымжан Әбдіхалықов.

P.S.

Биыл облыстың ауыл шаруашылығына 70 миллиард теңге көлемінде мемлекеттік қолдау берілген. Оның ішінде 39 миллиард теңге қаражат жәрдемақы және 31 миллиард несиелеу жолымен ұсынылыпты. Өңір шөп шабу үшін қосымша 10 мың тонна жанармай сұралған. Жиын қорытындысында шөп шабу үшін техникамен қамтамасыз ету мәселесі де көтерілді. Алдын алу шаралары күрделі жағдайдың алдын ала ма? Бұл алдағы уақыт еншісінде…

Ақмола облысы

Әкімдер сайлауынан не күтуге болады?

(Басы 1-бетте)

Дәулет АСАУ

– Бұл шаралар азаматтардың сайлау құқын айтарлықтай кеңейтіп, олардың саяси мәдениеті мен электоралдық белсенділігін арттыра түседі. Осы шаралар электораттың жергілікті жердегі өмірдің жақсаруына қатысуын белсендіріп, әкімнің қызметіне бақылауды күшейтеді. Сайланған әкімдер халықтың еркіне тәуелді болады,– дейді мәжілісмен Ерлан Саиров.

Орталық сайлау комиссиясының баспасөз қызметі таратқан мәліметке сүйенсек, ауыл әкімдерінің сайлауы 25 шілде күніне белгіленген. Бұл күні республика бойынша 730 әкімдікке үміткер дауысқа түседі, сосын жыл аяғына дейін жергілікті мемлекеттік басқарудың төменгі деңгейлі орынтағынан үміткер тағы 45 сайланушының тағдыры шешілуі тиіс.

Сондай-ақ 2022 жылы – 351, 2023 жылы – 499, 2024 жылы – 585, 2025 жылы 74 елді мекеннің әкімдері сайланады. Қазынадан бұл шараларға 17,6 миллиард теңге бөлінетін болды, оның 4,8 миллиарды 2021 жылға қарастырылған.

Сайлауға түсетін азаматтардың өмірдің түрлі күйзелісті жағдайларында орнықты, бастамашыл, жауапкершілігі мол, адал, әрекетшіл және қызметті басқару, шешім қабылдау, стратегиялық ойлау, көшбасшылық қасиеттерге ие болуы керек делінген. Алайда бұл қабілеттерді анықтаудың ешбір құқықтық шарттары мен мүмкіндіктері жоқ әрі ешбір заңнамалық құжаттарда анықталмаған.

КҮТПЕГЕН ТӘУЕКЕЛДЕР БОЛУЫ МҮМКІН

Ауылдар аумағы мен халық саны жағынан әртүрлі. Осыған байланысты жергілікті бір жерде өткізілген сайлау жағдайы екінші бір ауылдың жағдайымен үйлеспей жатуы мүмкін. Кей ауылдардың өте шағындығынан немесе шаруасы құлдырап жатқандықтан мұндай өлкелерде әкімге лайықты үміткердің табылмауы немесе ешкімнің белсеніп шықпауы мүмкін. Ал халық саны 10 мыңнан асатын, бюджеттері қомақты кенттер мен қала әкімдерінің сайлауы кезінде үміткерлер арасындағы бәсекелестік қыза келе, тіпті ашық жауласуға ұрындырып жіберуі ғажап емес. Оған қоса, егер үміткерлер бірдей дауыс жинаған жағдайда және әкімдер әртүрлі

Open Society қоғамдық қоры жетекшісі Марғұлан Ермағанбетұлының айтуынша, сайлау жүйесіндегі негізгі ерекшелік – саяси партиялардың арасында шынайы бәсекелестік тудырту, олардың белсендігін арттыру. Бұрын тек Президент және Парламент сайлауында тірілетін кейбір партиялар енді үздіксіз болып тұратын әкім сайлауында өз үміткерлері үшін аянып қалмайды. Сондай-ақ партиялардан басқа өзін-өзі ұсынатын, ауыл болып ұсынған үміткерлердің бағын байламай, сағын сындырмай бәйгеге қосудың да маңызы зор.

Саяси додаға әр партия өз үміткерін ұсына алады, бұл саяси ұйымдардың белсенділігі мен партияаралық шынайы бәсекелестікті арттыратыны сөзсіз. Егер үміткер ешқандай партияның қатарында болмаса, өзін өзі ұсына алады.

Оған жасы 25-тен асқан, мемлекеттік қызметте кемінде бір жыл немесе мемлекеттік орган болып табылмайтын орындарда екі жылдан кем емес еңбек еткен, арнайы біліктілік талаптарына сәйкес келетін үміткерлер түсе алады. Ғылыми дәрежесі бар және Президенттік кадр резервтеріне алынған тұлғалар үшін мемлекеттік қызмет өтілі болуы міндетті емес.

жағдайға байланысты қызметтен босатылғанда сайлау қайта өткізіледі. Бұл сайлау комиссияларына қосымша ауыртпалық түсіреді.

Тағы бір назар аударарлық жайт деп, басқа өңірде тұратын, көпшілікке танымал емес үміткер тіркелуі үшін электораттың бір пайыз дауысын жинауы тиіс. Бейтаныс үміткер тіпті оны жинап, сайлауға түскен жағдайда қажетті дауыс ала алмай қалу ықтимал. Сондай-ақ тұрғындардың басым бөлігі бір ғана ұлт өкілдерінен тұратын (ұйғыр, өзбек, орыс, курд, дұңған) моноэтникалық елді мекендерде этникалық алалаушылық болу қаупі үлкен. Мұндай өңірлерде тұрғындардың өз-өзін ұсынған үміткерлерге наразылық көрсетіп, көтеріліп кетуі де кәдік.

Енді бір айта кететін мәселе, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сайлау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңда сайлау бюллетеньдеріне «бәріне қарсымын» деген графа енгізілді. Осы жаңашылдыққа байланысты саяси науқан кезінде кейбір наразы ауылдардың тұрғындары «бәріне қарсы» болып шықпасына кім кепіл?!

Шаруалардың маңдайы тасқа тиді

Шаруалар жерлерінен айырылып жатыр. Олардың пайларын ірі компаниялар несие алу үшін кепілдікке қоюға құқылы. Ал қарызынан құтыла алмаған кәсіпкерлердің кепілдігін банк не басқа қаржы компаниясы оңай-ақ сатып жібере алады. Жерінен айырылғанын естіп сотқа жүгінген ауылдықтардың маңдайы тасқа тиюде. Өйткені сот олардың талап-арызын қанағаттандырмайды. Оған жалпы жиналыста қабылданған шешім себеп. Мұндай жиналысқа барлық пай иелерінің атынан бір-ақ адам қатысып, келісім бере алады. Қағазға қол қойылғаннан кейін «қазаншының өз еркі, қайдан құлақ шығарса».

Осылайша, «Атамекен-Агро», «Алиби Ишим» , «Новосветловка-Алиби» сияқты ірі компаниялар түрлі қаржы институттарынан ірі көлемде несие алып, шаруалардың жерлерін кепілдікке қойған.

Мәселен, Солтүстік Қазақстан облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты қараған іс материалдарына сүйенсек, талапкерлердің «Новосветловка-Алиби» ЖШС жалпы жиналысында қабылданған шешімдердің және өздерінің жер телімдерін кепілге қою туралы келісімшарттың күшін жою туралы өтініші қанағаттандырылмаған. 2007 жылы өткен жалпы жиналыстың шешімімен олардың жерлері кепілдікке беріліп қана қоймай, «Алиби» ЖШС өз міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда «Халық банкіне» кепілге қойған жерлерді сатып жіберу құқығы берілген. Ол аз болғандай, 2011 жылы кезектен тыс жалпы жиналыстарда борышкерлердің осы және болашақтағы барлық қарыздарының төлемін қамтамасыз ету үшін мүлкін кепілдікке қоюға, борыш өтелмеген жағдайда банкке сот шешімінсіз-ақ кепіл мүлкін сатуға, серіктестіктің барлық есепшоттарынан қаржысын өндіріп алуға рұқсат берілген. Сөйтіп, борышкер 100 миллион АҚШ доллары көлемінде қарыз алған. Биыл көктемде банк келісімшарт бойынша өзінің талап ету құқығын, соның ішінде кепілдік шарты бойынша талап ету құқығын ішінара «Секьюрити Систем Қазақстанның коллекторлық агенттігі» ЖШС-іне берген.

Мұны естіген талапкерлер жалпы жиналыс шешімдерінің және кепілдік туралы келісімінің күшін жоюды, өз жерін мүлік тізімдемесінен және жер телімдеріне салынған тыйымды алып тастауды талап етіп, сотқа жүгінуге мәжбүр болған. Олар жиналыс өткізілген кезде заң бұрмаланды, сырттай шешім қабылданып, өз құқықтары бұзылды деп есептейді.

Сот барысында анықталғандай, 463 адамның атынан жиналысқа 1 адам қатысып, барлығы үшін қол қойған. Сондай-ақ сот талап қою мерзімі, яғни 6 ай баяғыда өтіп кеткен деп шешті. Сөйтіп, талапкерлердің арызы қанағаттандырылған жоқ.

Сонымен қатар «Атамекен-Агро» ЖШС де шаруалардың жерін кепілдікке қойып, «Цесна Банк» акционерлік қоғамынан 6 100 000 000 теңге несие алған. Борышкер қарызын өтей алмағандықтан, банк пен «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ арасында келісімшарт жасалып, кепілге қойылған барлық мүлік қордың меншігіне өткен. Бірақ бұл жағдайда да сот олардың талап-арызын қанағаттандыра алмады.

«Алиби-Ишим» ЖШС де қарызын өтей алмағандықтан, ауылдықтардың жері «Проблемалық кредиттер қорына» өткен.

МЕМЛЕКЕТ РЕТТЕУІ ТИІС

Солтүстік Қазақстан облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот төрағасы Бауыржан Жайжұмановтың айтуынша, мұндай істер аз кездеспейді. Бірақ қолдан келер шара жоқ.

Кейбір жарғыларға сәйкес, шаруалар серіктестік құрамынан шыққан кезде кәсіпорын қарыздарының бір бөлігін өз мойнына алуға, шығындарын жабуға және осы сияқты ақылға сыймайтын басқа да мәселелерді шешуге міндеттеледі. Қазіргі заңнама бойынша серіктестік иелері жарғыға ойларына не келсе соны енгізе алады.

Тәуелсіз Республикалық заң консультанттары палатасының басқарма мүшесі Светлана Василескудің бұл орайда өзіндік пікірі бар. Ол кәсіпкерлердің ісіне мемлекет араласпауы керек деген қағида түбірімен дұрыс емес деп есептейді. «Бізде мемлекет тіпті әр отбасының жеке ісіне де араласады ғой. Отбасындағы зорлық-зомбылыққа жол жоқ. Күйеуі әйелін ұрса, түрмеге тоғытылады. Сол сияқты мемлекет жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, фермерлік және шаруа қожалықтарының да ісіне араласуы керек. Өйткені бұл жерде әртүрлі адамдардың тағдыры туралы сөз болып отыр. Азаматтардың құқығы бұзылып жатқандықтан, кәсіпкерлікке берілген мұндай еркіндікті түп-тамырымен жою керек», – дейді заңгер.

Заңгердің түсіндіргеніндей, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заң мен ЖШС жарғысында барлық мүлікті кепілге қою туралы мәселе жалпы жиналыста шешіледі делінген. Барлық мүлік дегеніміз – жер, қора-қопсы, кеңсе ғимараты, ауыл шаруашылығы техникасы, жиһаз және тағы басқа. Ал кепілдікке тек жер қойылатын болса, серіктестік директоры өзі жалғыз шешім қабылдай алады екен.

«Серіктестіктің жарғылық капиталында шаруалардың үлесі тиын-тебен ғана. Өйткені жер тым арзанға бағаланады. Ал инвестордың үлесі 70-90 пайыз болуы мүмкін. Инвестор ауылда тұрмауы, тіпті шетел азаматы болуы да ғажап емес. Дегенмен оның жарғылық капиталдағы үлесі көп болғандықтан, кез келген шешім қабылдаған кезде дауысы басымдыққа ие. Солай бола тұра бұл жалпы жиналыстың шешімі деп есептеледі», – дейді Светлана Василеску.

СЕНІМХАТ ЖАЗБАҒАН ЖӨН

Заңгердің пікірінше, бар гәп – сенімхатта. Пай иелері нотариус арқылы өз жерлеріне иелік ету туралы сенімхат рәсімдеген кезде ойлануы керек. Бірақ сенімхат бермеске амал жоқ, бәрібір мәжбүрлейді.

«Олар сенімхат бере салады да, серіктестіктің ішкі жұмысына араласпайды. Бұл дұрыс емес. Араласу керек, не болып, не қойып жатқанын сұрастырып отыру керек. Өз тәжірибемнен байқағаным, мұндай істердің басым бөлігінде талап ету мерзімі өтіп кеткен. Жерлері сатылып кеткенін шаруа кеш біледі. Қолын мезгілінен кеш сермеген олар түптеп келгенде өздері де кінәлі. Өйткені олардың сенімхатының күші жойылмаған, ендеше жалпы жиналыстың күші неге жойылуы керек? Осылайша, олар қайда барса да, өз құқықтарын қорғап қала алмайды. Мен оларға сотқа барып, уақытыңызды зая кетірмеңіздер деп кеңес берер едім» деп налиды заңгер.

Кейбір жарғыларға сәйкес, шаруалар серіктестік құрамынан шыққан кезде кәсіпорын қарыздарының бір бөлігін өз мойнына алуға, шығындарын жабуға және осы сияқты ақылға сыймайтын басқа да мәселелерді шешуге міндеттеледі. Қазіргі заңнама бойынша серіктестік иелері жарғыға ойларына не келсе соны енгізе алады. Сондықтан Әділет министрлігінің құлағына алтын сырға: жарғыларды бұрынғыдай заңгерлік сараптамадан өткізу керек. Бұған дейін мұндай тәжірибе болған екен. Заңды тұлға тіркеуден өткен кезде кәсіпорынның жарғысы сараланған. Ондағы мақсат – әркімнің құқығын қорғау. Облыстық Әділет департаментінің мәліметінше, бұл тәжірибе құрдымға кеткелі он шақты жылдың жүзі болыпты. «Тым болмаса министрлік барлығына ортақ типтік жарғылардың үлгісін жасауы керек», – дейді заңгерлер. Және жерге қатысты мәселе қаралған кезде жер пайдаланушының жеке өзінің ғана дауысы ескерілуі тиіс. Мемлекеттің кәсіпкерлікке бөгет жасамау керек деген талабын, өкінішке қарай кейбір кәсіпкерлер теріс пайдаланып отыр.

Ал шаруалардың өз жерлерін қайтарып алатын қауқары жоқ. Қайда барса да, «Қорқыттың көріне» тап болуда...

Роза ШӘКЕН,
Солтүстік Қазақстан облысы

Кәсіпкерге көмек бар

Экономиканы қозғайтын күш – кәсіпкерлер. Оларға мемлекеттен көмек беру толастаған емес. Жақында Мемлекет басшысының тапсырмасымен жүзеге асып жатқан «Бизнестің Жол картасы – 2025» бағдарламасы аясындағы жұмыстар туралы Қарағанды облыстық Кәсіпкерлік басқармасының басшысы Татьяна АБЛАЕВА мен Қарағанды облыстық Кәсіпкерлер палатасының директоры Ернар КҮЛПЕЙІСОВ Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында айтып берді.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

– Биыл 2,5 мыңнан астам кәсіпкерге қаржылық қолдау көрсету жоспарланды. Әзірге, жалпы сомасы 68,4 млрд теңгеге 1420 жоба қолдау тапты. Сонымен қатар биыл кәсіпкерлерді қолдауға арналған «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасына 7 млрд теңге бөлінеді. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 2,5 есе көп. Бұл шаралар өздерінің тиімділігін қазірдің өзінде дәлелдеді, – дейді Татьяна Аблаева.

Ал «Еңбек» жаппай кәсіпкерлікті қолдау бағдарламасы бойынша 6%-бен шағын несие беру басталды. Бағдарлама 2017 жылы бастау алып, биыл аяқталады. Бизнестің жеңілдікпен кредиттеуге деген үлкен қажеттілігін ескере отырып, екінші жартыжылдықтан бастап микрокредиттер «Жұмыспен қамту Жол картасы» бағдарламасы шеңберінде «Бастау Бизнес» түлектеріне «Атамекен Қарағанды» микроқаржы ұйымы арқылы берілетін болады. Барлығы 3,8 млрд теңгеге 1 мыңға жуық шағын несие беруді жоспарлап отырмыз.

Басқарма басшысы 2019 жылдан бастап жергілікті өндірісті дамытуға бағытталған «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы жұмыс істейтінін айтып өтті. Қарағанды облысы бойынша бағдарлама шеңберінде іске асырылған неғұрлым ірі жобалар – «Евразиан Фудс» АҚ маргарин өндіру желісін кеңейту,«Альфарух» ЖШС көтерме-тарату орталығының құрылысы, «Жаке» ШҚ бордақылау алаңы.

Басқарма басшысы: «2020 жылы біз бағдарлама бойынша гранттарға конкурс өткізген аймақтардың бірі болдық. Биыл бұл жұмыс сол форматта жалғасады.

Бүгінде жаңа бизнес идеяларды жүзеге асыруға 292 грант берілді, бұл ақшалай түрде 583,4 мың теңгені құрайды. Гранттық қаржыландыру арқылы жастар кәсіпкерлігін дамытуға 200 млн астам теңге бөлінеді. Бұл – 100 млн теңгеге облыс әкімінің 100 гранты және 105,6 млн теңгеге қалалар мен аудан әкімдерінің 150 гранты», – дейді.

Сонымен қатар басқарма басшысы жыл басынан бері 69,2 миллиард теңге инвестиция сомасына 1 601 жоба іске асырылғанын тілге тиек етті. Атап айтқанда, «Бизнестің Жол картасы – 2025» бағдарламасы бойынша биыл 58,6 миллиард теңге инвестиция сомасына 963 жоба мақұлданған. «Пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау құралы бойынша инвестициялардың жалпы сомасы 32,9 миллиард теңгені құрайтын 487 жоба мақұлданды. Өтініш білдірген және қолдау алған кәсіпкерлер саны 5 еседен астам өсті. Инвестиция көлемі 10 есе өсті. Мысалы, қарағандылық «Тәгам» ЖШС (шұлық-ұйық бұйымдары), Jakko (резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіруші), «Ақжайық» – ұн тарту-жарма бұйымдарын өндіру және тағы басқа жобаларға қолдау көрсетілді», – деді ол.

Татьяна Юрьевна «Бастау Бизнес» жобасы бойынша тренингтер өтіп жатқанын айтып өтті. «Биыл 1 250 адамды оқыту жоспарланып отыр, оған 472 адам қамтылды. Коронавирус инфекциясының Ashyq кәсіпкерлік субъектілерінде таралу қаупін азайту жобасы танымал болып келеді. Бүгінде оған 731 бизнес нысаны қатысуда, тағы 89 қатысушы тестілік режимде жұмыс істейді», – дейді ол.

Қарағанды облысының Кәсіпкерлер палатасында қолдау орталығының өткен жылғы және биылғы бірінші жартыжылдық жұмысының қорытындысы шығарылды. Аталған кезеңде орталық кәсіпкерлерге оффлайн және онлайн режимінде 3 400-ден астам қызмет көрсетті.

Кәсіпкерлікке қызмет көрсету орталықтары 2015 жылдан бастап Қарағанды облысының 18 қаласында және аудан орталықтарында жұмыс істейді. Олар ақпараттық және консультациялық қызметтерді ғана емес, сонымен қатар бизнес-жоспар құруды, бухгалтерия жүргізуді, мемлекеттік сатып алуларға және ұлттық компаниялар мен жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуларына қатысу ережелерін үйретеді.

– Біздің мамандарымыз бухгалтерлік және салықтық есеп жүргізуге көмектеседі, сондай-ақ барлық шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін маркетинг, заң қызметтері мәселелері бойынша, статистикалық есеп беру секілді және басқа да қызмет түрлерін көрсетеді, – деп атап өтті Қарағанды облысы Кәсіпкерлер палатасының директоры Ернар Күлпейісов.

Кәсіпкерлерге арналған барлық сервис қызметтері тегін. Оларды дербес орталықтарға немесе онлайн (services.atameken.kz порталы арқылы) хабарласу арқылы алуға болады. Өткен жылы Қарағанды облысы бойынша «Бизнестің Жол картасы – 2025» бағдарламасымен орталықтың бизнес мектебінде 846 адам оқытудан өтті.

Қарағанды облысының кәсіпкерлерді қолдау орталықтарының көмегімен экономиканың түрлі секторында жалпы сомасы 4,2 миллиард теңгеге 747 жоба сүйемелденді және іске асырылды. 1 200 жұмыс орны құрылды.

Қарағанды облысы

Маңғыстау облысында коронавирус инфекциясына қарсы вакцинациялау жұмыстары белсенді түрде жүріп жатыр. Өңірде вакцинациялау науқаны басталған сәттен бастап екпе алғандар саны 60 мыңнан асса, соңғы екі аптада 20 мыңға жуық адам ерікті түрде екпе салдырған. Осылайша, облыста коронавирусқа қарсы вакцина салдырғандар саны төрт есе артты.

Маңғыстауда вакцина алушылар саны артты

Мәселен, Ақтау қалалық №1 емханасында бастапқыда бір ғана екпе егу кабинеті болатын, бүгінде үш егу пункті жұмыс істеп тұр. Алда олардың санын көбейту жоспарланып отыр. Сондай-ақ екпе алу қарқынының артқаны «Нейрон» емханасында да байқалады. Өңірде ұжым, мекеме қызметкерлерімен бірге екпе алатындардың қатары көбейген. Сонымен қатар тұрғындар халық денсаулығы мен қоғам алдындағы жауапкершілікті сезініп, халықты вакцина алуға шақырып, бейнеүндеу де жолдап жатыр. Оның ішінде мектеп, аурухана, балабақша, кітапхана, дәмхана, коммуналдық қызмет жұмыскерлері бар.

Барлығы облысқа 221 250 доза вакцина жеткізілген, оның ішінде: ресейлік Sputnik V: I компонент – 96 150 доза, II компонент – 66 600 доза; QazVac – 7 000 доза; Hayat-Vax – 31 500 доза, CoronaVac – 20 000. Қазір облыс бойынша бірінші компонентпен 78 135 адам, екінші компонентімен 40 631 адам егілді. Облыста коронавирусқа қарсы екпе егуге арналған 38 екпе кабинеті, 14 жылжымалы бригада жұмыс істейді. Атап айтқанда, Ақтау қаласында – 17, Жаңаөзен шаһарында – 6, Бейнеу ауданында – 4, Қарақия ауданында – 2, Маңғыстау ауданында – 1, Мұнайлы ауданында – 3, Түпқараған ауданында 5 екпе егу кабинеті жасақталған. Облыс бойынша вакциналарды сақтайтын 25 мұздатқыш, 15 термоконтейнер бар.

Маңғыстауда коронавирусқа қарсы екпе алу жұмыстары ақпанда басталды. Екпе жұмыстарын жүргізуге 547 медицина қызметкері дайындалып, аттестациядан өтті. Қазір алғашқы медициналық-санитарлық көмек мекемелерінде 95 мобильді, 53 жедел жәрдем бригадасы бар. Облыстағы жедел жәрдем автопаркі толықтай жаңарып, медициналық ұйымдар қажетті жабдықтармен толық көлемде қамтылды. Денсаулық сақтау нысандары штаттық режимде жұмыс істеп тұр. Қазір тұрғындарға 630 инфекциялық және 60 реанимациялық төсек-орындық 10 стационар қызмет көрсетіп жатыр.

Бүгінде облыс «қызыл аймақта». Осыған сәйкес, өңірде карантин талабы күшейтіліп, қызмет көрсету орындарына мониторинг жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде. Облыста пандемия басталғалы бері КВИ індетін жұқтырғандар саны 9 693 адамға жетті. Ал биыл қаңтар айынан бүгінге дейін 5 992 адам коронавирус инфекциясын жұқтырған. Бүгінде 7 834 адам аурудан емделіп шықты. Өкінішке қарай, вирустан көз жұмғандар саны – 146 адам, оның 69-ы жыл басынан бері қайтыс болғандар. Соңғы бір тәулікте КВИ жұқтырғандар саны 141 адамға жетіп, төрт адам осы індеттен қайтыс болды.

Мәдина ЖӘЛЕЛҚЫЗЫ,
Маңғыстау облысы

16 үміткер талапқа сай келмеді

Алматы облысында ауылдық округ әкімдерінің сайлауына саяси партиялардан және өзін-өзі ұсыну арқылы 279 үміткер ұсынылыпты.

Орташа бәсекелестік деңгейі 3,9 адамнан келеді. Ұсынылған 279 үміткердің 249-ы – ер, 30-ы – әйелдер қауымынан. Үміткерлердің орташа жасы – 41 жас. Бұл туралы Талдықорғанда өңірдегі ауылдық округтердің әкімдеріне үміткерлерді ұсыну қорытындылары туралы өткен брифинг барысында облыстық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі Қаһарман Жақсылық мәлімдеді.

Облыстық аумақтық сайлау комиссиясы мүшесінің айтуына қарағанда, жалпы Алматы облысында 71 ауылдық округте әкімдер сайлауы өтеді. Бұл ретте 60 әкім өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты, 11-і өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға байланысты сайланады. Өз кандидаттарын ұсынған саяси партиялар қатарында «Nur Otan» партиясы, «Ауыл» ХДПП, «Ақ Жол» ҚДП, ADAL СП, ҚХП, ЖСДП бар.

«Ұсынылғандар арасындағы 154 үміткер – жұмыс істеп жүрген мемлекеттік қызметшілер, 32-і - коммерциялық құрылымдардың өкілдері, 70-і – бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, 10-ы уақытша жұмыс істемейді, 3-еуі – қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, 6-ы – өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, 3-еуі ішкі істер және әскери салада қызмет еткен зейнеткерлер. Арасында ғылыми дәрежесі бар кандидат та бар», – деді Қаһарман Жақсылық.

Биылғы 10 шілдедегі дерек бойынша 279 үміткердің 159-ы тіркелген (56,6%).Түрлі себептермен 23 адам үміткерлікке тіркеуден өтпеген. Олардың 16-сы талаптарға сәйкес келмесе, 7-і өз кандидатурасын алып тастау туралы өтініштеріне сәйкес тізімнен шығарылыпты.

Болат АБАҒАН,
Алматы облысы

Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылық құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарға конкурстық орналасуы ережелері бойынша профессор-оқытушылық құрамының бос қызмет орындарына (кафедра меңгерушісі, профессор, қауымдастырылған профессор (доцент), оқытушы-дәріскер, оқытушы-ассистент лауазымдарына) конкурс жариялайды.

Бос орындар туралы мәліметтерді және құжаттарды тапсыру мерзімін https://zhetysu.edu.kz сайтынан көруге болады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1. Басқарма төрағасы – ректордың атына жазылған өтініш;
2. Кадрларды есепке алу бойынша жеке іс парағы, өмірбаян;
3. Түйіндеме;
4. Мінездеме;
5. Жоғары білімі және ғылыми дәрежесі туралы дипломдарының, ғылыми атағы туралы аттестатының нотариалды расталған көшірмелері;
6. Ғылыми жұмыстары мен өнертабыстарының тізімі (болған жағдайда);
7. Қайта даярлау және біліктілікті арттыру туралы сертификаттарының көшірмелері (соңғы 3 жыл);
8. № 086 нысанындағы медициналық анықтама.
9. Тіркеуде тұрмайтыны туралы наркологиялық және психоневрологиялық ұйымдардан анықтама.
10. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша тұлғаның қылмыстық құқықбұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтама.

Құжаттар тапсыру мерзімі: хабарландыру жарияланған күннен бастап 30 күн.

Құжаттарды мына мекенжайға тапсыру керек:

Талдықорған қаласы, Жансүгіров к., 187а, І. Жансүгіров атындағы ЖУ

Персоналды басқару және құжат айналымы бөлімі, тел.: 22-00-51.

Жеңілмеген қазақ боксшылары

Кәсіпқой бокста бірнеше жекпе-жек өткізсе де, жеңіліс дегеннің не екенін білмей келе жатқан қазақстандық боксшылар бар. Олардың әрқайсысы кәсіби спорттағы мансабын сәтті жалғастырып, чемпиондық атаққа қол жеткізуді басты мақсаты санайды. Біз сөз еткелі отырған ринг төрінде қарсыластарын қоғадай жапырып жүрген күрзі жұдырық иелері кімдер? Әңгіме ауанын сол саңлақтарға аударайық.

Абылайхан ЖҰМАШ

Ел спортшыларының арасында Қанат Ислам мен Жанқош Тұраровтың кәсіпқой бокстағы жеңіліссіз сериясы өзге боксшыларға қарағанда әлдеқайда көп. Күзде 37 жасқа толатын Қанат Ислам 28 кездесудің 22-сін уақытынан бұрын аяқтағаны бар. Осы жылы 31 жасын тойлайтын Жанқоштың қатарынан 24 кездесуде бақ жұлдызы жанды. Оның 17-сін мерзімінен бұрын аяқтады. Бірақ қос спортшының да жасы біразға келді. Әсіресе, Қанаттың ендігі чемпиондық атаққа таласа алатынына сенетіндер аз. Ал Жанқошқа ендігі кезекте тек мықты қарсыластармен жұдырықтасқан жөн. Әйтпесе, оның да қатардағы ортаңқол боксшылардан еш айырмашылығы болмай қалары анық.

Даңқы жер жарған Рокки Марчиано мен Флойд Мейвезердің көрсеткішін қайталауы мүмкін деген отандық былғары қолғап шеберлері арасынан Данияр Елеусінов (10-0, 6 КО) пен Жәнібек Әлімханұлының (10-0, 6 КО) есімі ерекше аталады. Данияр қазіргі уақытта еркін агент. Ол өткен айда ғана Matchroom Boxing компаниясымен әріптестігін тоқтатты. Отандасымыз соңғы кездесуін былтыр қарашада өткізген еді. Бұрынғы әлем чемпионы Джулиус Индонгоны жеңіп, орта салмақтағы IBF Intercontinental белдігін иемденді. Ал Жәнібек кейінгі өткізген Лас-Вегастағы бокс кешінде бұрынғы әлем чемпионы, 30 жастағы американдық Роб Брантты жеңді. Жекпе-жек орта салмақ дәрежесінде өтті және он раундқа есептелді. Алтыншы раундта Әлімханұлы американдықты нокдаунға жіберді. Ал сегізінші раундтан кейін Брант жекпе-жекті жалғастырудан бас тартты. Қос боксшының да қазір 10 жекпе-жекте 10 жеңісі бар.

Біз өз кезегімізде жоғарыда атап өткен боксшылардың кәсіпқой бокстағы қарым-қабілеті, деңгейі, шама-шарқы туралы отандық бокс мамандарынан сұрадық. Қазақстанның еңбексіңірген жаттықтырушысы Нұрлан Ақүрпеков қазақстандық боксшылардың ешқайсысын бөліп-жарғысы келмейтінін айтады.

– Кәсіпқой бокста барлық боксшыларымыз да тәуір өнер көрсетіп жүр. Көпшілігі біздің тәлімімізді алған жігіттер. Данияға да оң батамды бергенмін. Жәнібек те сенімді ақтап жүр. Айдос Ербосынұлы да қазақтың атын әлемге шығарсам да жүрген боксшы. Садриддиннің де ұмтылысы қуантады. Тұрсынбай Құлахмет, Бекман Сойлыбаевтарға әлі де тәжірибе жинақтау керек. Кәсіпқой бокста жүрген отандастарымыздың рейтингте орны жоғарылаған сайын қарсыластары да мықты бола түсетіні белгілі. Кәсіпқой бокстың ерекшелігі сол ғой. Үздік ондықтың ішіне кіргеннен кейін нағыз жекпе-жектер басталады. Титулға талас, титулды қорғау айналасында кездесулер өтеді,– дейді білікті маман.

Ал халықаралық дәредегі спорт шебері, Qazaq boxing залының жаттықтырушысы Мұхит Амантаев алдағы 2-3 жылдықта қазақстандықтар арасынан әлем чемпиондары шығатынына сенетінін жеткізді.

– Данияр Елеусінов әлі де үздік боксшылармен кездесу өткізген жоқ деп ойлаймын. Бірақ мен Олимпиада чемпионынан көп үміт күтемін. Болашақта бір-екі жылдықта әлем чемпионы атанатын шығар. Ал Қанат Исламның жасы қырыққа келіп қалды. Әлемдік деңгейде керемет жетістіктерге жетеді, әлем чемпионы болады деп айта алмаймын. Қанат ол уақыттан әлдеқашан өтіп кетті. 5-6 жыл бұрын мүмкіндігі болған. Садриддин Ахмедов жас, болашағынан үміт күттіретін боксшы. Канадада біраз уақыт жаттықты. Жылына 4-5 кездесу өткізіп, атақ-абыройы бар, танымал боксшылармен шығып, өзін көрсете алатын боксшы. Тұрсынбай Құлахметтің кәсіпқой бокстағы кездесулерін көрмедім. Бірақ әуеской бокстағы жекпе-жектерін көрдім. Әзірге беталысы жаман емес. Жолы ашық болғай. Көп мамандар мақтап жатыр. Айдос Ербосынұлы да жеңіліссіз келе жатыр. Оған бокс мәнерін, техникасын өзгертуі керек секілді. Мықты қарсыластармен де кездесу өткізгені жөн. Әйтпесе, орта деңгейлі боксшылардың бірі болып қалады. Әзірге рейтингі жоғары. Сондықтан қарсылас таңдауда қателеспеу керек. Жан Кособуцкий де мықты қарсыластарға жолықпады. Мейірім Нұрсұлтанов Америкада Мадияр Әшкеевпен бірге жаттығып жүр. Ол әзірге кәсіпқой бокста жақсы келе жатыр. Кездесу өткізбегелі де біраз болды. Карантин де кесірін тигізіп жатқан болса керек. Алдағы уақытта жағдай жақсарса өзін жақсы қырынан көрсетеді әлі, – дейді жаттықтырушы.

Бокс мамандарының кәсіпқой рингте жеңісті сериясын жалғап жүрген былғары қолғап шеберлеріне берген бағасы осындай. Ең бастысы саңлақтарымыз әлемдік аренада жеңісті жолынан жаңылмай, қазақ боксының абыройын асқақтата түссе екен.

Жайылым жерлер эрозияға ұшырап жатыр

Әлемде су тапшылығы басты мәселеге айналды. Өзен-көлдердің суы таязданып, қар мен жаңбырдың сирек болуы құрғақшылықтың артын қуаңшылыққа ұластырып тұр. Батыс өңірлердің топырағы эрозияға ұшырап, кей аудан-ауылдарда төрт түліктің тісіне ілігер көкті көрмегенімізге біраз жыл болды. Маңғыстау мен Атырау, Қызылорда облыстарында қуаңшылықтың арты жұтқа айналып кету қаупі бар.

Тұрсын ЖҰМАБЕККҚЫЗЫ

Бұған биыл Маңғыстау мен Қызылорда облыстарында ірі қара малдардың мыңдап өлуі дәлел. Қуаңшылық – табиғи жағдай екенін ескерсек те, қамсыз қалу – төрт түлік малдан айырып, халықты азығынан қағып тентіретіп жібереті нін түйсіне алмай келеміз. Осы енжарлық күні кеше Ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Омаровты отставкаға кетірді.

Маңғыстаудың өзінде жаппай қырылған малдың саны 3 мыңға жетті. Қуаңшылықтан зардап шегіп отырған елге мал азығын саудалаушылар бір тонна шөптің орташа бағасын 23 мың теңге, ал кейбір аймақта 42 мың теңге етіп, пайда көре бастады.

Батыс өңірдегі екі аймақтың басындағы қазіргі хәлді Атырау аймағы да өткеруі де мүмкін деген болжамдар айтылып жатыр. Алайда сәуір айында молынан жауған тұщы жаңбыр биыл атыраулықтар үшін үлкен олжа болып тұр. Бұл Нарын бойы аумағындағы жайылымдық жерлерде көкті көбейтіп, төрт түлік малдың әзірге қарыны тоқ. Нарын аумағындағы шаруа қожалық иесі Нұрхат Құмарбековтің айтуынша, наурыз-сәуір айында жауған тұщы жаңбырдан соң көк қаулап шығып, жылқы мен қойлар еркін жайылып жатыр. Малдың қыстық азығы да осы жайылымдық жерден дайындалады. Ал кебек жемді Қостанайдан 20 келісін 1 800 теңгеден сатып алып отыр.

Исатай ауданы әкімінің орынбасары Еркебулан Нұрланұлының айтуынша, ауданда 292 шаруа қожалығы тіркелген. Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 2,7 млрд теңге болып, жалпы өнім шығарылымы 102,5 пайыз болып отыр. Жеке тұрғындар мен шаруа қожалықтары бойынша мал қыстағына қажетті 78,6 мың тонна пішеннің 14 пайызы дайындалды. Мал азығының 60 пайызы көршілес Батыс Қазақстан облысынан, 40 пайызы аудандағы құм өңірінен дайындалады.

– Құрманғазы ауданындағы шекаралас аймақта Теңіз жағасындағы Новинск аймағында Шекара заставасының және Құрманғазы ауданы әкімдігі келісімі арқылы тұрғындарға шөп шабуға орын

белгіледік. Округ әкімдіктері арқылы хабарланып, шөп шабу науқанында сол аймақтан ұйымдастыру жоспарланып отыр. Ауданның 35 пайыз төрт түлік малы Нарын құмы өңірінде орналасқан. Биылғы көктемгі мезгілде жауын-шашынның жерге мол түсуінен құм өңірінде мал азығының тапшылығы байқалмайды. Қысқы мал азығы да сол өңірден дайындалады. Қалған 65 пайыз төрт түлік мал қатқылда тіркелген. Бұл өңірдегі малдардың бір бөлігі Каспий теңізі жағалауында, енді бір бөлігі аудан аумағында, канал жағасында жайылады. Есепті мерзімде 600 га (13 шаруа қожалығы) лимандық алқаптардағы көлтабандарға суару-суландыру жүйелерінен су шығару арқылы табиғи шабындықтарды пайдаланып, мал азықтарын дайындау жоспарда тұр, – дейді Еркебулан Нұрланұлы.

Атырау облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Амангелді Саламаттың айтуынша, 2021 -2022 жылдарға 573 740 мың тонна ірі сабақты мал азығы қажет болса, оның 22 055 мың тоннасы – былтырдан қалған азық қоры. Нақты дайындалатыны – 551 685 мың тонна. Өңірде жауын-шашынның болмауы, өр суларының келмеуіне байланысты жергілікті жерден мал азығының 52,4 пайызы ғана дайындалады. Көршілес Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстарының аумағынан 12,9 пайыз пішен дайындалса, 176 568 мың тоннасы сатылып алынады. Атырау мал азығының 30,7 пайызын сатып алады. Орташа 1 орамның құны 8-15мың теңгенің айналасы. Ірі сабақты мал азығына дайындық жұмыстары қала және аудандарда жүргізіліп жатыр. Қызылқоға ауданы бойынша 6 455 мың тонна шабылды. 1 орамның құны – 6 мың теңге.

Жердің киесі бар. Оны баптай білсек, малға өріс, елге құт. Қазір Атырау облысы аумағының 80 пайызы – жайылым және шабындық жерлер. Бұл ауқымды алқаптарды өз мақсатында пайдаланса, арзан да сапалы мал өнімдерін өндіруге жеткілікті. Кейінгі жылдардағы дерек бойынша, облыстағы барлық санаттағы құрылым мен қосалқы шаруашылықтар аталған алқаптардың 35-40 пайызын пайдаланып жатыр. Олардың көп бөлігі құмды және сазды жерлерге, шөл және шөлейт аймақта орналасқан.

Қосыбек ИРЗАҒАЛИЕВ,
Ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы:

– Биылғы көктемгі тұщы жаңбыр мал шаруашылығы үшін едәуір көмек болып тұр. Әсіресе, Нарын бойындағы жайылым жерлердегі малшылар үшін үлкен олжа болды. Нарын бойындағы жерлердегі мал жайылымдары ежелден бері мал жаюға құтты мекен болып келген. Кеңес Одағы кезінде бұл өңірлерге мал қыстату, қоныстану шаруашылықтар мен жеке малшылар арасында талас-тартыс туғызатын. Қазір осы жерлердің көпшілігібос жатыр, пайдаланылмайды. Оның себебі облыста мал басының азаюы, бұрынғы жайылым алқаптарда тұщы жерасты су көздерінің сарқылуы және экологиялық, антропогендік факторлар әсерінен болып отыр. Қазіргі кейбір шаруа қожалықтары малдарын шалғай, құнарлы жайылымдарға шығаруға көңіл бөлмейді. Бүгінде заманауи мал шаруашылығын қарқынды дамыту үрдісінде ежелгі бабалар әдісінің ескерілмеуі өкінішті. Ал қысы-жазы бір орында отырғандықтан жер тозып, мал азықтық өсімдіктердің түрі азайып, жайылымдар шаруашылық айналымынан шығып, жаппай эрозияға ұшырап жатыр.

Осы бағытта нақты жұмыстар жүргізуде тереңде жатқан жерасты сулардың көздерін табу жұмыстарына аса көңіл бөлген дұрыс. Облыс көлемінде бұл жұмысты жүргізу ғарыштық зерттеулер түсірілімдеріне сүйенсе ғана шешілетіні сөзсіз. Бұл инвесторлы Атырау аймағы үшін аса көп шығын да әкелмейді. Ал төрт түлік мал санын азайтып алсақ, оның орнын толтыру үшін қыруар қаржы керек болары айтпаса да түсінікті. Қалай десек те, жергілікті атқарушы билік бұл мәселені шешуге білек сыбана кіріспесе, шаруа қожалықтары малдарын шалғай жатқан құнарлы жайылым жерлерге шығарып бақпаса, шындығында да Маңғыстау мен Қызылордадағы жұттың белгісі Атырауға да жетпесіне ешкім кепілдік бере алмайды.

Атырау облысы

NUR MEDIA AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Бас редактор – Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Амангелді ҚҰРМЕТ – Бас редактордың бірінші орынбасары
Гүлзина БЕКТАС – шығарушы редактор
Асқар БЕК – веб-сайт редакторы
Елдар ҚАБА – секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Тұрсын ЖҰМАБЕККҚЫЗЫ – Атырау облысы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Нұрсұлтан ҚАЗБЕКОВ – Қызылорда облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН – Солтүстік Қазақстан облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-18, 8 (777) 241-47-75, 8 (707) 454-43-53
byurukpayeva@liter.kz
reklama@liter.kz

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-11, (708) 270-79-97
saidinova@liter.kz
bekkozhayeva@liter.kz

Газет аптасына 4 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №3960
Алматы қ. «Дәуір», Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Нұр-Сұлтан қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Нұр-Сұлтан қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор — Анар ҚОНЫС